Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 18 (1073)

13.05.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

АУДАН ТЫНЫСЫ

ЕТ ПЕН СҮТ ӨНДІРІСІНЕ инвестор тарту қажет

КҮРЕҢБЕЛ ӨҢІРІНДЕ ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ТҰРҒЫНДАРДЫ АЛАҢДАТАДЫ. СОЛ СИЯҚТЫ АУЫЗ СУМЕН ҚАМТУДА ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР ӘЛІ ДЕ БАР. КЕЗІНДЕ ҚОҒАЛЫ КАРТОБЫН ЕКІНІҢ БІРІ БІЛЕТІН. БҮГІНДЕ КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫНДА КАРТОП АЛҚАБЫ 60 ПАЙЫЗҒА АЗАЙҒАН. ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ШЕШІМІ ТУРАЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ҚАНАТ БОЗЫМБАЕВ КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫНЫҢ ХАЛҚЫМЕН КЕЗДЕСУІНДЕ КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАДЫ.

Қанат Бозымбаевтың айтуынша, Кербұлақ ауданы ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жағынан бірінші орында тұр, облыстың жалпы егістігінің – 20,5 пайызын құрайды. Дегенмен биыл жүгері егу 12 пайызға, майлы дақылдар – 23 пайызға, көкөністер 35,5 пайызға төмендеген. Сол сияқты кезінде Қоғалының картобы бүкіл кеңес елдеріне әйгілі болатын. Бүгінде бұл өңірдің картоп алқабы 60 пайызға азайған. Бұл ретте аудан әкіміне картоп өндірісін жандандыру үшін шаруашылықтарды анықтап, тұқыммен, арнайы техникамен қамтамасыз ету, ол үшін арнайы сервистік дайындау орталығын құру тапсырылды. Сол сияқты озық технологияларды қолдану арқылы ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімін арттыру, су қоймаларын күрделі жөндеуді аяқтау және егістікті суарумен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау міндеті жүктелді.

– *Ауданда ет пен сүт өндірісіне қарқын қосу керек. Ол үшін бар кәсіпорындарды толық қуаттылығына шығару шараларын қабылдап, жаңа өңдеу өндірістерін ашу үшін инвесторлар тартуды қолға алу қажет. Ауданда 71 мың бас ірі қара мал, 302 мың бас қой мен ешкі, 21,5 мың бас жылқы бар. Бірақ оларды бағатын жер жетіспейді. Бұл ретте босалқы жерлер құрамынан жайылымдық жерлерді 13 мың гектарға кеңейтіп, олардың жалпы алаңы 103,5 мың гектарға жеткізілді. Сонымен қатар 6 мың гектар жайылым жерлерді халықтың пайдалануына беру үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі басталды,* – деп атап өтті Қ. Бозымбаев.

Облыс әкімінің айтуынша, осы жылы агроөнеркәсіп кешенінде төрт жобаны іске қосу жоспарланған. 723 млн. теңге инвестиция тартылып, 123 жұмыс орны ашылады. Бұдан басқа, Көксай мыс кен орнында тау-кен байыту комбинаттың құрылысын жүргізу үшін «Консолидацияланған құрылыс тау-кен компаниясы» ТЭН құжаттарын дайындауда. Бұл ірі жобаны іске асыру барысында 1,5 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылады, 1500 жаңа жұмыс орны ашылады. Жылына 20 мың тонна мыс шығаратын комбинат 2026 жылы іске қосылады.

Қанат Бозымбаев өз сөзінде ауыз су мәселесіне де тоқталды. Оның айтуынша, Кербұлақ ауданында 63 елді мекеннің 59-ы немесе 93,7 % орталық сумен қамтылған. Биыл 966 млн. теңгеге Сарыөзек ауылында су жүйесі құрылысының төртінші кезегін аяқтау жоспарлануда. Жобада 16,8 шақырым су құбыры желісін, 6 резервуарды, сутартқы мен сорғы станциясын қайта жаңарту және салу, қолданыстағы резервуарларды демонтаждау көзделген. Талдыбұлақ, Қосағаш, Қарымсақ, Шаған, Шилісу ауылдарын сумен қамту қолға алынады.

Өткен жылы мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында Сарыөзек ауылында 1,8 млрд. теңгеге газ тарату желілерінің құрылысы аяқталған болатын. Алайда құрылыста бірқатар кемшіліктерге жол беріліп, соның салдарынан газ-тарату станциясы мен газ құбыры сапасыз салынған. Жөндеу жұмыстары жылыту маусымына дейін аяқталып, газ беріледі.

Тұрғындар тарапынан «Сарыөзек-Көктал» республикалық маңызы бар автожолының жағдайы туралы мәселе жиі көтеріледі. Облыс әкімінің сөзіне сүйенсек, осы жолдың 0-45 шақырым учаскесі «Алацем» компаниясына қосалқы мердігерлік қызмет көрсетуге берілген. Ауыр жүк таситын көліктердің жүруіне байланысты қазіргі жолмен қатар технологиялық жол салынатын болады. Биыл 45-68 км учаске бойынша күрделі жөндеу басталды. Жұмыстардың негізгі көлемі осы жылға жоспарланып, 2023 жылы аяқталады. Сонымен қатар «Сарыөзек станциясын айналып өту» автожолына ағымдағы жөндеу жүргізілуде.

Қанат Бозымбаев шағын және орта бизнесті дамыту, жергілікті халықты тұрғын үймен қамту, жұмыс беру, білім мен денсаулық, мәдениет пен спорт салаларына қатысты да маңызды мәселелерге назар аударды.

Жиында облыс әкіміне ауыз сумен қамту, ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу, жайылымдық жерлерді бөлу, білім беру мен мәдениет нысандарын жөндеу, апатты үйлердің мәселелерін шешу проблемаларын көтерді. Көпшілік инвестициялық жобаға деп берілген ауыл шаруашылығы жерлеріне түгендеу-тексеру жұмыстарын жүргізуді сұрады. Жоба іске асырылмаған жағдайда жерді қайтарып алса деген талаптарын жеткізді.

Жергілікті ауыл әкімінің жұмысына көңілдері толмайтынын ашық айтқан тұрғындар да болды. Қ.Бозымбаев көтерілген мәселелердің барлығы да хаттамаға енгізіліп, тиісті деңгейде қарастырылатынын жеткізді. Кездесу соңында облыс әкімі жеке азаматтар үшін қабылдау өткізді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АҢДАТПА

ЭХО ВОЙНЫ — 3 стр.

НАШЛИСЬ РОДСТВЕННИКИ ПОГИБШЕГО ВОИНА

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ — 4-бет

ИТТЕН КЕЛЕР ҚАУІП КӨБЕЙДІ

ТІЛСІЗ ЖАУ — 7-бет

ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛДЫ

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ? — 12-13-бет

ДӘРІГЕР – АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ДӘНЕКЕРІ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨНЕР

«АСТАНА БАЛЕТ» ТЕАТРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҰЖЫМЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНА ГАСТРОЛЬДІК САПАРМЕН КЕЛДІ. ҰЖЫМ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН Б.РИМОВА АТЫНДАҒЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ САХНАСЫНДА «ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ» АТТЫ КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА КӨРСЕТТІ.

ТАЛДЫҚОРҒАНҒА «АСТАНА БАЛЕТ» ТЕАТРЫ КЕЛДІ

Аталған шығармашылық кеште «Астана Балет» театрының бас балетмейстері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері әрі еліміздегі қазақ биін қоюшылардың көшін бастап отырған Айгүл Тәтидің шығармашылығы көрермен назарына ұсынылып, көпшілікті тәнті етті. Балетшілердің әр биі көшпелі халықтың дүниетанымын көрсетіп, ұлы дала кеңістігінде орын алған қызықты оқиғаларды суреттейді.

Театрдың атын шығарып жүрген бұл туынды еліміздің, Европа мен Американың ірі қалаларында көрсетіліп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленген болатын. Ұлттық бидің сан қырлы иірімдері мен көркем музыка көрермендерді бей-жай қалдырған емес. Ұлттық нақыштағы би мен музыканың үйлесіміне қарап, би үйретуішінің шеберлігі мен қазіргі заман хореографиясының жоғары деңгейге көтерілгенін бағамдауға болады.

«Ұлы Дала мұрасы» концерттік бағдарламасында визуалды-көркемдік әсерлер кеңінен қолданылған бишілердің костюмдері де көз тартарлық. Қайталанбас пластикалық би өрнегі мен бишілердің көркем бейнелері көздің жауын алып, ұлттық бидің бірегей үлгісин паш етеді. Хореографиялық туындының тартымдылығы мен ой тереңдігі көрерменнің көңілін тербеп, тамсандырмай қоймады.

Атап өтейік, «Астана Балет» театрының репертуарында әлемдік және Отандық классиканың жауһарлары, бірегей хореографиялық қойылымдар бар. Репертуардың саналуандығы, бишілердің шеберлігі, сахнаны безендірудің көркемдік биігінің арқасында «Астана Балет» өз елінде ғана емес, шет елдерде де зор қошеметке ие.

Арайлым НҰРЖАПАР

ФОРУМ

ЖАРТЫ ҒАСЫРҒА ЖУЫҚ ТАРИХЫ БАР

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «ҰЛАН» ГАЗЕТІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ КАФЕДРАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУМЕН 47-ШІ РЕТ «ЖАС ТІЛШІЛЕР» ФОРУМЫ ӨТТІ.

Форум аясында «Журналист болғың келе ме?» атты республикалық мектеп оқушылары арасында ең үздік шығармашылық жұмыстар байқауы өтті.

Форумның мақсаты – жас талапкерлердің шығармашылығын көпшілікке кеңінен насихаттай отырып, аталмыш шараны жыл сайынғы дәстүрге айналдыру.

Іс-шарада «Үздік жаңалық», «Жаңа Қазақстан үшін», «Медиасауат әліпбиі», «Менің сүйікті газетім», «Мультимедиа журналисінің бір күні», «Ұстазға құрмет» номинациялары бойынша эссе және мультимедиа жобалары қабылданып, ең үздік жұмыстардың жеңімпаздары марапатталды. Байқау жеңімпаздарын «Ұлан» газетінің бас редакторының орынбасары Жұлдыз Әбілда құттықтады. «Ең үздік жас тілші – 2021» арнайы сыйлығын Алматы облысы, Көксу ауданы Ж. Егінбаев атындағы интернаты бар орта мектептің 11-сынып оқушысы Айгерім Есімхан жеңіп алды. Ол «Жаңа Қазақстан» атты түсірілген мультимедиалық жобасы арқылы үздіктердің арасынан көш бастады.

Форумға жиналған жас тілшілер «Ұлан» газеті редакциясында, «Qazaq radiosy» студиясында практик мамандардың шеберлік сыныптарын тыңдады. Артынан газет ұжымы қатысушыларды М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрына қойылымға апарды. Сонымен қоса, жас тілшілер танымал актер Еркебұлан Дайыров пен актриса Шынар Асқаровамен кездесіп, сұхбаттасты. Форумның екінші күні Алматыдағы Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде қонақта болып, мамандық жайлы пайдалы кеңестер тыңдады.

Жарты ғасырлық тарихы бар «Жас тілшілер» форумының шежіресін айта кетсек, алғашқы республикалық «Жас тілшілер» слеті 1975 жылының мамыр айында Орталық комсомол комитетінің ұйымдастыруымен өткен. Ол кезде Қазақстан Республикасының Орталық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің басшысы Қ. Сұлтанов болатын. Бұл шараның бастауына О. Сүлейменов, Ф. Оңғарсынова, Д. Стамбеков, Ш. Смаханұлы секілді танымал ақын-жазушылар ат салысқан. Тек соңғы жиырма жылда «Жас тілшілер» форумы жаңа форматта, заманауи үлгіде өтіп жүр. Бүгінде танымал жас тілшілер қатарында: Қанат Әуесбай, Руслан Меделбек, Досжан Балабекұлы, Алпамыс Файзолла, Думан Смақов, Дана Маратова, Құндыз Өтеген бар.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АКЦИЯ

КОНТРАФАКТІГЕ ЖОЛ ЖОҚ

Алматы облысы Әділет департаменті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ұйытқы болуымен зияткерлік меншік құқықтарын сақтау мен қорғауды қамтамасыз ету, халықтың зияткерлік меншік мәселелері бойынша сауаттылығын арттыру мақсатындағы 2022 жылғы 3-20 мамыр аралығында «Контрафакт» республикалық акциясын өткізу басталғандығын хабарлайды.

Жоғарыда аталған акция шеңберінде:

2022 жылғы 3 мамырдан бастап 20 мамыр аралығында («Контрафактіге жол жоқ!» тақырыбында үздік сурет, «Қазақстанда контрафактіге жол жоқ» тақырыбында үздік қысқа бейнероликтер, «Контрафакт» акциясының үздік логотип) тақырыбын қамтыған конкурстар өткізілу жоспарланған.

Байқау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен және облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының Әділет департаменттерімен екі кезеңде өткізіледі: бірінші кезең – аймақтық, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының Әділет департаменттерінде өтеді. Әділет департаменттері құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 2 күн ішінде байқаулық жұмыстарды комиссиялық қарауды ұйымдастырады, оның нәтижелері бойынша әрбір жас санатындағы бір үздік жұмысты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жібереді; екінші кезең – республикалық, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде. Жеңімпаздарды іріктеу бойынша қорытынды кезең 2022 жылғы 20 мамырда өткізіледі. Байқаулық комиссия үздік жұмысты іріктейді.

Осыған байланысты, «Контрафакт» республикалық акциясын өткізуге белсенді атсалысып, іс-шараларды жоғары деңгейде өтуіне үлес қосуға шақырамыз. Сондай-ақ аумақтық әділет органдарымен авторлар мен құқық иеленушілердің, кәсіпкерлердің, құқық қорғау органдарының қатысуымен зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері бойынша (бағдарламалық қамтамасыз етуге, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне және тауарлардың шығарылған жерлерінің атауына құқықтарды сақтау, авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалану мәселелері) онлайн семинарлар өткізу және де аумақтық әділет органдары мен жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен «Атамекен» ҰКП өкілдерімен және кәсіпкер жастармен семинар кездесулер өткізу қарастырылып отыр.

Осы орайда, «Контрафакт» акциясының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде жеңімпаздарды бағалы сыйлықпен марапаттау қарастырылғанын айтып, ынталандырғымыз келіп отыр.

Алматы облысы Әділет департаменті және ауданаралық Әділет басқармалары акция іс-шараларын өткізуде облыс жұртшылығымен, жастарды белсенді болуға шақырады.

Е. АУБАКИРОВ,
Алматы облысы Әділет департаменті зияткерлік меншік құқығы жөніндегі бөлімінің басшысы.

ЛЕБІЗ

ҚАРТЫН СЫЙЛАҒАН ЕЛ БАҚЫТТЫ

Күні кеше қазақстандықтар Ұлы Жеңістің 77 жылдығын тойлады. Бүгінгі ұрпақ сын сағатта ерлік көрсеткен ардагерлерді ардақтап, құрмет тұтады. Жас буынның қамқорлық пен құрмет белгісі Жеңіс күнін асыға күтетін маған ерекше көңіл-күй сыйлады.

Талдықорған қаласындағы Н.Назарбаев зияткерлік мектебінің ұжымы, 8 сынып оқушыларының ата-аналары және оқушылары, соның ішінде Эльвира Сағындықова, Сұлтан Бекшаинов, Фариза Тұрарова бірігіп, жыл сайынғы дәстүр бойынша үйіме арнайы келіп, Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтап қайтты. Мектеп ұжымы менің ел мен қоғам игілігі жолындағы еңбегім үшін алғыстарын айтып, дайындаған тарту-таралғыларын әкеліп, құрмет көрсетті.

Өскелең ұрпақтың осылай жарқын күнді, азаттықты алып берген ардагерлерді ұмытпай, өшпес ерліктерін ұлықтауы азат елдің тұғырын жоғары көтереді. Майдангерлер туралы айтылған естеліктерді тыңдай жүріп, оларға әрқашан тағзым ету, құрметтеу – болашақ ұрпақтың парызы!

Көңілімді шаттық кернеп тұр. Елдің амандығынан, бейбіт өмірден артық қандай бақыт бар. Жеңістің ұлы күнін тойлаған сайын қадірін жыл сайын сезіне түсудеміз. Осылай мерекеде ұмыт қалдырмай, құрмет көрсетіп жатқан балаларыма алғыс білдіремін. Әрдайым егемен еліміздің тұғыры берік, еңсесі биік болсын!

Өмірсерік БЕКМЕТОВА,
тыл ардагері.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫ

ӨТІНІШ ХАТ ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛДЫ

Ақсу аудандық соты баспасөз қызметінің хабарлауынша, Алматы облысының Ақсу аудандық сотында, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 24-бабының 3-бөлігі (қылмыс жасауға тура бағытталған, тікелей пиғылмен жасалған әрекеттер) және 99-бабының 2-бөлігі 5-тармағында (аса қатыгездікпен адам өлтіруге оқталу) көзделген құқық бұзушылықты жасады деп күдіктелген К-ға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде «күзетпен ұстау» түрін қолдану туралы аудандық полиция бөлімінің өтінішхаты қаралды.

2022 жылдың мамыр айының 2-сі күні шамамен 16:00 уақытында Ақсу ауданында орналасқан шаруа қожалықтың басшысы К. өзінің қожалығында ауызша келісім арқылы жұмыс жасайтын малшысы Ж. екеуінің араларында «мал дауына» қатысты өзара келіспеушілік пайда болып, оның арты төбелеске ұласқан. Жәбірленуші Ж.-ның қашып бара жатқанын көрген К. өзіне тиесілі автокөлігімен артынан қуып жетіп, бір рет қағып өтіп, әрмен қарай автокөліктің ішінде жатқан таяқпен соққыға жыққаны анықталды.

Сот отырысында прокурор күдікті К.-ға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде «күзетпен ұстауды» санкциялауды сұрады.

Күдікті К. мен оның қорғаушысы оның тұрғылықты мекенжайы және қарауында кәмелет жасқа толмаған балаларының, сонымен қатар қарт анасының барын алға тартып, «үйқамақ» бұлтартпау шарасын қолдануды сұрады.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, ҚПК-нің 55, 148-баптарын басшылыққа ала отырып, ҚК-нің 24-бабы 3-бөлігі және 99-бабының 2-бөлігі 5-тармағымен күдіктенген К.-ға қатысты 2 ай мерзімге «күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасы қолданылды.

Қылмыстық іс бойынша мәліметтер қылмыстық процесті жүргізетін органның құзырында.

Ш. ХАМИТОВ.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ВИЗИТ В ТУРЕЦКУЮ РЕСПУБЛИКУ

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ВИЗИТ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА В ТУРЕЦКУЮ РЕСПУБЛИКУ НАЧАЛСЯ С ПОСЕЩЕНИЯ МАВЗОЛЕЯ ОСНОВАТЕЛЯ СОВРЕМЕННОГО ТУРЕЦКОГО ГОСУДАРСТВА, ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА ТУРЦИИ МУСТАФЫ КЕМАЛЯ АТАТЮРКА. ОБ ЭТОМ СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АКОРДЫ.

Глава государства осмотрел мавзолей Аныткабир, после чего оставил памятную запись в Книге почетных гостей. Касым-Жомарт Токаев высказал глубокое уважение к братскому турецкому народу, пожелав ему благополучия и процветания. Президент Казахстана выразил уверенность, что дружба между двумя странами будет вечной, а сотрудничество будет укрепляться и в будущем.

В церемонии возложения цветов также приняли участие члены официальной делегации Казахстана.

В президентском дворце в Анкаре состоялась церемония официальной встречи Касым-Жомарта Токаева с Реджепом Тайипом Эрдоганом. Об этом сообщает пресс-служба президента Казахстана в своем официальном Telegram-канале.

В честь высокого гостя выстроился почетный караул. Касым-Жомарт Токаев и Реджеп Тайип Эрдоган поднялись на трибуну. Прозвучали государственные гимны Казахстана и Турции.

После исполнения гимнов Казахстана и Турции Касым-Жомарт Токаев и Реджеп Тайип Эрдоган представили друг другу членов официальных делегаций.

После церемонии состоялась встреча в узком составе. Главы государств обсудили широкий круг вопросов казахско-турецкого стратегического партнерства, уделив особое внимание укреплению связей в политической,

торгово-экономической и культурно-гуманитарной сферах. Также были рассмотрены вопросы глобальной и региональной повестки дня.

Президент Казахстана поблагодарил Реджепа Тайипа Эрдогана за приглашение совершить визит в братскую Турецкую Республику и пригласил его в нашу страну.

Турецкий лидер в свою очередь выразил признательность Касым-Жомарту Токаеву за то, что он принял приглашение и прибыл в Анкару. Реджеп Тайип Эрдоган принял приглашение посетить Казахстан с визитом осенью нынешнего года.

Напомним, 10 мая президент Казахстана прибыл в Турцию с государственным визитом. В международном аэропорту Анкары его встретили вице-президент Турции Фуат Октай, губернатор столицы Васип Шахин и ряд других официальных лиц.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР

СМАИЛОВ ПОРУЧИЛ УДЕЛИТЬ ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ

Смаилов поручил уделить особое внимание контролю за торговой надбавкой. В Цифровом офисе правительства премьер-министр Алихан Смаилов провел совещание по вопросам сдерживания цен на социально значимые продовольственные товары (СЗПТ), - передает 365info.kz.

На сегодняшний день в разрезе регионов наибольший рост цен зафиксирован в Карагандинской области – на 0,4%, еще в 11 регионах – городах Нур-Султан и Шымкент, Мангистауской, Актюбинской, Акмолинской, Костанайской, Кызылординской, Западно-Казахстанской, Северо-Казахстанской, Алматинской и Туркестанской областях – 0,3%, сообщает пресс-служба главы кабмина.

Председатель комитета торговли министерства торговли и интеграции Ержан Казанбаев отметил, что мониторинг инструмента «оборотной схемы» показывает не полный охват утвержденного плана финансирования. Профильным ведомством продолжается координация местных исполнительных органов по соблюдению розничными объектами торговли допустимой торговой надбавки. Рейдовыми мероприятиями за прошедшую неделю охвачено 33,6 тыс. магазинов «у дома» или 78,9% объектов торговли, выявлено 424 нарушения. В результате торговые надбавки снижены на 15%.

По данным минсельхоза, запасы СЗПТ по республике составляют порядка 744 тыс. тонн, в том числе запасы в рамках «оборотной схемы» – 108 тыс. тонн, стабфондах – 25,6 тыс. тонн и заключены форвардные контракты на 52,9 тыс.тонн. Министерству сельского хозяйства совместно с акиматами поручено на регулярной основе проводить актуализацию баланса производства и потребления, чтобы в оперативном порядке организовывать поставки сельхозпродукции между регионами с учетом их потребности.

«Сейчас в южных регионах поспевают ранние овощи.Необходимо провести работу по контрактованию и поставке овощей, по которым мы видим рост цен. В дополнение к этому нужно увеличить финансирование по форвардным закупкам, чтобы осенью вы могли заложить в стабилизационные фонды необходимые объемы продуктов питания по относительно низким ценам. Эту работу надо проводить уже сегодня», – поручил Смаилов, обращаясь к акимам областей.

Кроме того, премьер-министр поручил минторговли совместно с акиматами областей уделить особое внимание контролю за торговой надбавкой, в том числе на оптовых точках реализации, а также довести финансирование «оборотной схемы» до 100%-го целевого уровня.

«Инфляция – это первостепенный вопрос социального самочувствия населения, который должен быть на ежедневном контроле. Курирующие заместители акимов должны мониторить ситуацию и принимать необходимые меры. Все инструменты для этого у нас есть», – резюмировал Алихан Смаилов.

РЕФЕРЕНДУМ

В ЦЕНТРАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ ПРИЗВАЛИ КАЗАХСТАНЦЕВ ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ В РЕСПУБЛИКАНСКОМ РЕФЕРЕНДУМЕ ПО ПОПРАВКАМ В КОНСТИТУЦИЮ, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ TENGRINEWS.KZ.

В ЦИК ОБРАТИЛИСЬ К КАЗАХСТАНЦАМ

«Если Вы гражданин Республики Казахстан, достигший на день голосования 18-летнего возраста, и обладаете активным избирательным правом, Вы имеете правовое основание участвовать в республиканском референдуме по поправкам в Конституцию Республики Казахстан, назначенном на 5 июня 2022 года. Гарантией реализации конституционного права на участие в референдуме является включение Вас в списки граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме», – говорится в обращении.

Списки составляются местными исполнительными органами (акиматами) на основании постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. Временно зарегистрированные граждане включаются в списки на основании поданного заявления. Участки для голосования создаются решениями соответствующих акимов, их границы публикуются в средствах массовой информации. Узнать свой участок и проверить свое включение в список можно, обратившись в местный исполнительный орган. В случае отсутствия в списке граждане вправе подать соответствующее заявление в акимат.

С 20 мая 2022 года на своем участке будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме. При необходимости внесения каких-либо изменений, можно сразу обратиться с заявлением в участковую комиссию референдума.

ЭХО ВОЙНЫ

НАШЛИСЬ РОДСТВЕННИКИ ПОГИБШЕГО ВОИНА

В День Победы нашлись родственники погибшего в России воина-казахстанца. На связь с поисковиками вышел внучатый племянник погибшего снайпера.

9 Мая нашлись родные погибшего во время войны уроженца Казахстана, чьи останки обнаружили в Смоленской области.

В адрес павлодарского поискового исследовательского отряда «Майдан Жолы» обратились российские поисковики за содействием в поисках родственников казахстанца Каиргильды Аубакирова, сообщил Sputnik Казахстан командир отряда Александр Шитов.

«Вчера, в День Победы, на связь с нами вышел внучатый племянник погибшего воина, Шахай Егінбай Каркенулы, проживающий в Нур-Султане. У него сохранилась даже фотография погибшего Каиргильды», – рассказал он.

Сейчас ведутся переговоры, и решается вопрос по захоронению останков воина.

Что известно о погибшем воине из Казахстана

Во время поисковых работ на территории Духовщинского района Смоленской области 1 мая этого года в воронке были найдены останки 5 советских солдат.

Также обнаружены пустой медальон с расколотой крышкой, знак «Отличный снайпер» и орден Красной Звезды № 139197. Орденом награжден Каиргильде Аубакиров, 1921 года рождения.

Останки бойца нашли российские поисковые отряды «Глухари» (Московская область), «Спас», «Бастион», «имени П. Ф. Клепача» (Смоленская область).

Как сообщил Александр Шитов, привезти на Родину останки не получится, поскольку они найдены в братской могиле. По захоронению пока ничего неизвестно – местная администрация будет решать этот вопрос после праздников.

«Награды может привезти в Нур-Султан человек, который их нашел, Игорь Юферев. Он будет в командировке в начале июня в Казахстане. Заодно расскажет родственникам казахстанца все, что о нем известно», – добавил командир отряда.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ИТТЕН КЕЛЕР ҚАУІП КӨБЕЙДІ

ИТ ТЕ ИТТІГІН ЖАСАП ЖҮР. ИТ – АДАМЗАТТЫҢ ДОСЫ, СЕРІГІ ДЕЙМІЗ. БАҚЫЛАУСЫЗ, ҚАРАУСЫЗ ҚАЛСА, СОЛ ДОСЫҢ ДА ДОҢАЙБАТ КӨРСЕТЕДІ. ҚАЗІР ҚАЙ АЙМАҚҚА БАРМАҢЫЗ, ҚАҢҒЫҒАН ИТТЕН АЯҚ АЛЫП ЖҮРЕ АЛМАЙСЫЗ. МЫҢҒЫРҒАН КИІКТЕЙ ЖОСЫП ЖҮРГЕН ИТТЕРДЕН АДАМ БАЛАСЫНА ТӨНІП ТҰРҒАН ҚАУІП-ҚАТЕРДІҢ АЛДЫН АЛЫП ЖАТҚАН ДА ЕШКІМ ЖОҚ. ӘСІРЕСЕ ҚАЛАЛЫ ЖЕРЛЕРДЕ ЫЛЫҚҚАН ИТТЕР КҮЛ-ҚОҚЫС МАҢЫН ТОРУЫЛДАП АЛҒАН. ОЛАРДЫ БАҚЫЛАП, ҚОРҒАП ЖҮРГЕН МЕКЕМЕЛЕР ҚАҢҒЫП ЖҮРГЕН ТӨРТ АЯҚТЫЛАРДЫ ҰСТАМАЙДЫ. БІР КЕЗДЕРІ ҚАҢҒЫБАС ИТТЕРДІ АТЫП, ҚАУІПТІ СЕЙІЛТЕТІН ИТ АТҚЫШТАРДЫҢ ДА ҚАУҚАРЫ ҚАЗІР ШАМАЛЫ БОЛЫП ТҰР. СЕБЕБІ «ЖАНУАРЛАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ АЯСЫНДА ҚОРҒАЛҒАН МАҚҰЛЫҚТАРДЫ СЕБЕПСІЗ АТСАҢ, ЖАЗАҒА ТАРТЫЛАСЫҢ.

Елдің зәре құтын қашырып жүрген қаңғыбас иттер туралы қоғамда екі ұдай пікір қалыптасқан. Бірі ит-құсқа аяушылық танытса, енді бірі адам өміріне қауіп төндіріп жүрген қараусыз иттердің көзін жою керек дейді. Тіпті, осы қаңғыбас иттер адамдарға шабуылдап, ол бұралқылардың кесірінен бала өлімі болған-ды. Ашыққаннан ба, әлде құтырғаннан ба бала түгілі, үлкен адамдардан именуді қойған қаңғыбастар жалғыз-жарым жүрген адамдарды тарпа бас салып талап тастайтын болған. Бақылаусыз бейберекет кеткендері сондай жыртқышқа айналған иттер жайында шағым көбейгенін ғаламтор желілерінен көруге болады. Әсіресе, Қарағанды өңірінің Жезқазған, Балқаш аймақтарында көпшілік жүретін орындар мен балалар ойнайтын алаңдарға дейін торуылдап алған иттер адам өміріне қауіп төндіріп тұрғанын айтады. Мәселен Жезқазған қаласының Сәтпаев шағын ауданында № 5 үйдің балалар ойнайтын алаңын иттер қаулап алғанын айтып «Бұл жер балаларға емес, төрт аяқтыларға арналып салынған ба» деген тұрғындардың наразылығынан көруге болады. Қарағанды қаласында екі иттің қыз баланы талағаны жайлы елдің жанайқайы да ақпарат құралдарын шулатты. Құрылыс алаңына күшіктеп алған иттер ары-бері өткен жүргіншілерге айбат көрсетіп, талап тастаудан тайсалмайды. Үлкендерден де үркуді қойған үй жануарлары жабайылыққа көшкенін айтуда. Жалпы, қаңғыбас иттер жайлы Қазақстанның қай аймағына зер салсаңыз да көңіл алаңдатады. Ит асыраушылар өздеріне жүктелген жауапкершілікті мүлде сезінбейді. Бақылаусыз қалған иттер бұралқы қаңғыбасқа айналған. Олардың не сау, не ауру екеніде бақылаусыз қалған. Әлгіндей, адамдарға шабуылдаған кезде ғана оларды тұзақтап, не болмаса көзін жойып, ауру екені, не болмаса дерттен аман екені айтылып жатады. «Жығылғанға жұдырық тиіпті» демекші, қаңғыбас иттерден зардап шеккен жасөспірімдердің психологиялық соққы мен жарақат алуы қоғамды алаңдатып тұр. Онда да ата-аналардың жанайқайы. Есесіне, «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңға былтыр желтоқсанда қол қойылды. Биылғы 2 наурыздан бастап негізгі баптары күшіне енді. Алдағы екі-үш жылда енетін қосымша баптары да бар екен. Оны әзірлеуші – Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі. Міне, осы заңға сәйкес, жыл басынан бері көшеде қаңғып жүрген итті атпақ түгілі, қол көтеруге болмайды. Әйтпесе, заң алдында жауап беріп, айыппұл төлейсіз. Ал бұған жауапты ветеринария саласы не дейді? Әрине, Заң тұрғысынан дұрыс дейді. Алайда қаңғыбас иттердің адам өміріне төндіріп жатқан қауіп-қатеріне байланысты арыз-шағым да толастап тұрған жоқ.

Мұндай оқиғадан Алматы облысы да кенде емес. 9 жасар баланы бұралқы ит талап тастады. Жазатайым оқиға 22 сәуір күні кешкі сағат 19:00-де Жамбыл ауданына қарасты Ақсеңгір ауылы, Атажұрт көшесіндегі үйде болғанын Zakon.kz. хабарлады. Абырой болғанда жедел-жәрдем шақырылып, тоғыз жасар Шәріпжан Халифаның жарақатын таңып, Алматы қаласындағы № 1 балалар ауруханасына жеткізген. Осыдан кейін ғана ауыл тұрғындарының қаңғыбас иттер туралы жазбаша өтініштері бойынша арнайы қызметкерлер иттерді аулау жұмысын жүргізген. Нәтижесінде аудан бойынша 469 ит, оқиға болған Ақсеңгір ауылында 30 қаңғырып жүрген ит ауланыпты. Талдықорған қаласында да саяжай және Жастар шағын ауданында иттердің үйіріліп жүргенін көруге болады. Бұл маңайда көбіне жеке үй тұрғындары тұрады. Күшіктеген иттерден аяқ алып жүре алмайсыз. Олардың иелері де бар болу мүмкін. Бірақ қараусыз жүргендері қаншама.

Бұлардың үш ай сайын күшіктейтінін айтқанмен, қаңғыбас иттердің санының артуын

ешкімде бақылап отырған жоқ. 2018 жылдың басынан бері Талдықорғанда 412 тұрғынды ит қапқан.

Көбі қаңғыбас иттерден жапа шеккен. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып келеді. Сондықтан өңірде иесіз жүрген иттерді аулап, оларды оқшаулау жұмыстарын қалалық ветеринария бөлімі қаншалықты қадағалап отыр. Мәселен 2018 жылы 950 арыз-шағым түсіп, екі мыңнан астам ит-мысықтың көзі жойылған. Күл-қоқысты паналап жүрген иесіз жануарлар түрлі аурулардың көбеюіне әкеп соқтыратынын ветеринария мамандары да жоққа шығармайтын шығар. Бұл жерде ит асыраушылар да кінәлі. Үй жануарын байлап ұстамай, бос жіберіп қоятындары бар. Тіпті, Талдықорған қаласының бір көшесінде 4 жасар бүлдіршінді ит талаған оқиға да болған. Абырой болғанда өтіп бара жатқан адамдар бірден баланы иттен арашалап, көмек көрсеткен. Бұл оқиға да 2018 жылы болған. Питбуль тұқымдас екі ит 7 жасар балаға шабуылдап, бүлдіршін алған жарақатынан көз жұмған болатын. Бұл оқиға облыс орталығындағы жекеменшік саяжайдың бірінде болған-ды. Оның иесі 44 жастағы азамат 6-7 итті үйін қарауылдау үшін қойғанын, екі ит ауладан абайсызда шығып кеткенін айтты. Бұл оқиғаны ел әлі ұмыта қойған жоқ. Иті саяжайда, иесі қалада тұратынын, иттерге ешқандай жағдай жасалмағанын сол кезде анықтаған болатын. Бір емес, бірнеше питбуль тұқымдас итті асыраған қожайын оны арнайы қорғауда ұстау керектігін білмеді емес, білді. Иттің кесірінен бүлдіршіннің өмірі қиылды. Бұл да 2018 жылы болған оқиға. Бұл өткен оқиғаға не үшін қайта оралып отырмыз? Себеп, қаңғыбас иттер мен мысықтар жайлы жылда әңгіме көтеріледі. Иттер туралы жаңа заң қабылданды. Онда итті ату тұрмақ, ұруға рұқсат жоқ. Алайда қаңғыбас иттер жосып жүр. Тұрғындар тарапынан арыз шағым толастамай тұр. Мұны Қарағанды және Алматы облысы, Ақсеңгір ауылының тұрғындарының шағымдарынан көруге болады. Заң қабылданып, күшіне енгенімен міндеттерді орындау механизмдері дайындалу үстінде. Қаржыландыру тетігі жоқ. Жануарлардың көзін жоюға тыйым салынды. Сонда Жануарлар туралы қабылданған заң да шала-шарпы болып тұр ғой. Заңның механизм тетіктері толықтай жүзеге аспаса, арыз-шағымды қарша боратып жатқан бұқара әлі үрейде отыру керек пе деген заңды сауал туындайды. Жапа шеккендер қашанғы полиция мен ветеринария бөлімдеріне шағымдана береді.

Қазіргі уақытта облыстағы қалаларда иттерге арналған вольерлер жұмыс істеп тұр. Балқашта – 10, Жезқазғанда – 10 вольер бар. Ветеринария мамандары мұнда иттерді уақытша қамап, иесі табылса беріп жібереді. Көбінесе бұл жерлерде асыл тұқымды тазы, төбеттерді ұстайды.

Қазір ветеринарлар тарапынан қаңғыбас итке қарсы дәрмен жоқ. Тек тұрғыннан нақты шағым түссе ғана көзін жоя алады екен. Әйтпесе, кез келген адам ит атушыны прокуратураға сүйрейді. Мәселені шешуге жануарлар жанашырлары да қатысуы тиіс. Себебі, иттерді ұстау, күту бойынша дайын жоба ұсынған бірде бір ұйым, жануарлар жанашыры жоқ. Көбісі сөзден әрі аса алмайды. Егер жануарларды қорғау ұйымдары нақты жоба ұсынса, бюджеттен қаржыландыруға болатынын қарағандылық ветеринар мамандары айтуда. Сонда қаңғыбас итті асырау құны қанша тұрады?

Жаңа тәртіп бойынша ветеринарлар иесіз итті аулап, арнайы панажайда ұстауға тиіс. Ал панажай қыруар ақша тұрады. Қарағандылық Қайырбек Тұрсынбеков былтыр 510 итке арналған панажай сметасы дайындалғанын айтады. Ал былтырғы бағамен – 327 млн. теңгеге шыққан. Ал биыл құрылыс материалдарының құны еселенгенін ескерсек, бұл соманың екі есе өскенін пайымдауға болады.

Міне, жаңа заң бойынша жануарлар миллиондаған қаржыға тұрғызылатын панажайда күтілуі тиіс. Ұсталған ит алдымен стерилденеді. Яғни, жуындырылып, тазаланып, химиялық өңдеуден өтеді. Бұдан кейін ит панажайда 60 күн тұрады. Егер екі ай ішінде қожайыны табылмаса, чип тағып, қайтадан еркіндікке жіберіледі. Біраз уақыттан кейін бұл итті ұстап әкеліп, тағы қамауыңыз әбден мүмкін.

Панажай құрылысының құнын жоғарыда келтірдік. Итті жуындыруға, залалсыздандыруға жұмсалатын сабын ұнтақтың бағасын айтпағанда, ұрғашысының жатырын арнайы отамен алады. Бір жатырды сылып тастау құны шамамен, 25 мың теңге, бір еркегін қысу – 5-6 мың теңге шамасында. 510 иттің жартысы ұрғашы болса – жатырды алудың өзіне 6,3 млн. теңге қаржы қажет. Иттің бір күндік тамағы – 700 теңге. Ол 60 күн панажайда қамауда тұрады. Яғни, екі айда 42 мың теңгені итаяққа саласыз. Чип – мың теңгеге бағаланады. 510 итке – 510 мың теңгенің чипін байлау керек.

Оның ішіп-жемінен бөлек, коммуналдық төлем, жұмыскерлердің еңбекақысы, дәрі-дәрмек сынды өзге де шығындарды қоссаңыз, қаншама шығын тек итті асырайтын панажайға кететінін бағамдай беріңіз. Осыдан кейін қаңғыған иттердің көзін жойған абзал ма әлде қыруар шығын шығарып панажайда асыраған дұрыс па? Жоғарыда келтірілген кейбір ақпараттар Орталық.кз порталынан, Нұрқанат Қанапия мақаласынан алынды. Қарағанды облысында екі баланы ит талап, біреуі қайтыс болған, Ақмола облысында да итке таланған баланың оқиғасы ғаламтор желісінде дабыл қақтырды. Ит – иттігін жасайды деген осыда...

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

ҚАМШЫНЫҢ САБЫНДАЙ КЕЛТЕ ҒҰМЫР ТҮГЕСІЛГЕНДЕ ХАНДЫ ДА, ҚАРАНЫ ДА ҚАРА ЖЕРДІҢ ҚОЙНАУЫНДА ТЕҢЕСТІРЕДІ-АУ! ТІРІСІНДЕ ТҮГІ ТҮЛЕНІП, ТҮЛКІДЕЙ ТҮРЛЕНГЕН ЖҰМЫР БАСТЫ ПЕНДЕЛЕР БІРІН-БІРІ АЯҚТАН ШАЛЫП, АЛЫСЫП-ЖҰЛЫСЫП АҚЫРЕТКЕ АТТАНҒАНДА «ЖАҚСЫ АДАМ ЕДІ, ЖАҚСЫ АДАМ ЕДІ, ЖАҚСЫ АДАМ ЕДІ» ДЕП ӨЛІМГЕ ҚИМАЙТЫНЫ НЕСІ ЕКЕН.

ҚАЙРАН АҒА, ҚАРА НАРЫМ, ҚАДІРЛІМ

Жасаған жақсылығын жуып-шайып, азғырғандардың тіліне еріп, әлгі жақсы адамның жүрегін ауыртып, нақақтан нақақ жала жабылғанда, табаны тайып сүрінгенде, тақымына шөңге кіргенде, тар тігілген жеңнен, тасадан соғылған сұм қанжардан жан дүниесі жараланғанда, айтаққа ергендер де жақсы адам өлгенде жаназаға келді-ау. Сол тау тұлғалы жақсы адам қоғам қайраткері, үш бірдей ауданды басқарған адам түгілі жан-жануар, хайуанаттарға жақсылық жасайтын Ғалым Тұрғамбаевтың да фәни жалғаннан бақиға аттанғанына қырық күн болыпты.

Қайран аға! Алланың берген сексен төрт жыл ғұмырын сүрдіңіз. Сіз жүрген сүрлеу жолда тайға басқан таңбадай іздеріңіз жарқырап жатыр. Ары-бері Жаркентке жол түскенде Басшиге соғып, сізден ғибратты әңгіме естіп, адалдықтың, ақиқаттың қайнар бұлағынан сусындап қайтушы едік. Сексен жылдық мерекеңіздің алдында өзіңізбен арнайы сұхбат жасағанымда арпалысқа толы өміріңіздің күнгей мен көлеңкесі туралы, бүгінгі қоғамның басшылары мен Кеңестік дәуірдегі кадр мәселесі жайлы ақтарылып айтып едіңіз, абзал аға! Ел мүддесінен гөрі жеке бастың қамын күйттеген, тамыр-таныс пен жең ұшынан жалғасқан жемқор қоғамның түбі жақсы болмайтынын айтып, халық толқиды, өздерін Құдай санайтындар қадірден жұрдай болады. «Қарада тұр, Айтақын!», – деп едіңіз. Болжамыңыз тура келді. Оны өзіңіз де көріп кеттіңіз, кемеңгерім! Қайсы бірін айтайын. Сіздің арыңыздың таза екеніне менде кәміл сенгем. Оны заң аясында дәлелдеп те бергенсіз. «Екі түйе сүйкенсе арасында шыбын өледі» демекші, сіз өмірден қайтқан күні қонақасыңызда сізге қарсы шыққан адам сіз туралы өте жақсы әңгіме айтты. Ернімді тісіммен тістеп әрең шыдап отырдым. Үйіңізге арнайы қонақ болып, Мақпал екеуі дастарханыңыздан дәм татып, қазақи дәстүрмен шапан жауып шығарып салған аңқал батыр, арыстан жүректі Заманбек Қалабайұлымен ақыретте жолығып, татуластыңыз ба, аға?! Көзінің тірісінде «Маған тиісу үшін Елбасының алдынан өтіпті. Үлкен кісі өзің біл» депті. Жүзбе-жүз жолығудан қашқақтады. Билік қолында тұрғанда қабылдауына бардым, қабылдамады. Кейіннен Ғалым Тұрғамбаевқа бекер тиіскен екем. Қатты өкінемін» деген әңгімесін қол астында қызмет жасаған Оспанова Роза Кәрімжанқызы айтыпты. Бір үлкен мерекеде жолыққанда Роза маған осы әңгімені айтты» деп едіңіз. Роза Кәрімжанқызымен ұялы телефон арқылы сөйлестім. «Заманбектің айтқаны рас» деді. «Мен оны баяғыда-ақ кешіріп қойғам, Алла төбемізде тұр ғой, аққа Құдай жақ! Түбі бір сұрауы болады» деген едіңіз. Екі арыстан, екі алып жүрек, бір атаның балалары жарық дүниеде бастарың бірікпегенмен бақида, мәңгілік мекенде бірге жүрген шығарсыңдар, аға! Өзіңіз туып өскен Жаркентте сізден кейін ауданға бесінші әкім болып тағайындалған Марат Сағымбаев балаңыз «Суан баба» қорығын қолға алыпты. Бақсының моласындай күл-топырақтың үстіне қаңылтырдан ескерткіш қоя салған қордың бұрынғы төрағасы Базархан Жақыбаев туралы мақала жазып, оған қосыла шапқан Сламғали Піскенбаев ақын екеуміздің арамызда газет бетінде айтыс болып, оған қоса Дүйсен Әлімжановты сотқа беріп, ит жығыс болған мәселеде менің жыртысымды жыртып, үлкен басыңызбен Базарханға барғаныңызды ел қайдан білсін аға?! Күллі жұртқа күлкі болып, әруақтарды қорлағандай қаңылтырдан қалқайтып қойған ескерткіш Алла бұйыртса тотыққұстай түрленетін болады. «Ел-жұрт үшін де, сырттан келген меймандар үшін де елдігімізді көрсететін қасиетті орынға айналады», – дейді Марат балаң. «Көргені жақсы көш бастайды» деген осы ғой, аға. Әділшайық Ыбраймолдаевтың тәлімін алған балаңыз, енді, сіздің де елеулі еңбегіңізді елеп ескеріп, ел-жұртымен ақылдасып ауданның бір үлкен көшесіне есіміңізді беріп және «Суан баба» қорығына мүсініңізді қоятын шығар деп үміттеніп отырмын.

Сіз өмірден кеткенде Ақсудың ел-жұрты қатты толқыпты. Халыққа жасаған адал еңбегіңізді айтып, есіміңізді өшірмей, балаларына «Ғалым» деп айдарлап ат қойған ақсулықтар сізді аузынан тастамай айтып жүр. Ғалым атты ат жалын тартып мінген азаматтар да есіміңізді қадірлеп, ол кісідей болмасақ та ағаның атын кірлетпейміз дегенде төбем көкке бір елі жетпей тұрды, аға! «Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді» деген осы екен ғой! Сіздің шарапатыңызды көргендер сіз жайлы жылы лебіз айтса, қайран ағам, қара нарым бір аунап жатқан шығар деп пайымдаймын. *«Менде жұмыр басты пендемін, өзімнің де жаңылысқан сәттерім болған шығар. Бірақ қол астымдағы қызметкерлердің біреуінің соңына шырақ алып түспедім. Обал-сауап дегенді санамнан шығармадым. Адам түгілі айуанның да киесі бар»* деген тәмсіліңізді жадымнан шығарған емеспін аға. Сізді сағынып ұрпағыңызға мұра қалдырған кітаптарыңызды қайта бір саралап шықтым. Адамгершілік жайлы тебірене жазған ойларыңызды тағы бір сүзгіден өткіздім аға. Елбасының күйеу баласы Рахат Әлиевтің Алтын-Емел қорығына келіп, аң атқандағы қатыгездігін жақсы суреттепсіз. Оны да сол аңдардың киесі жібермеді-ау... Адамдарға жасаған қиянаты да аз емес-ті. Кісі ақысы – кісіге жібермейтінін ол марқұм білсе де, баудай қырылған аңның киесі барын білмеген шығар. Әйтпесе, сіздің «тек еркегін ғана ат, обал болады» деген бір ауыз ақылыңызға құлақ асса керек еді. Байлық, мансап дегеннің буына масайғандар «Алдыма кім түседі деп алаңдайды екен, артымда кімдер келе жатыр», – деп қарамайды екен аға. Қарайлайтындары да бар шығар, кім біледі.

Аға, мен сіздің рухыңызбен тілдесіп отырмын! Өмірден өтеріңізді өзіңіз де біліпсіз ғой. Түс көрдіңіз бе екен? Әлде Алла аян берді ме екен. Ұлыңыз Даниярға «Мен алай-былай болып кетсем, Астанадан ауылға жеткізе аласың ба?» депсіз... Құдай берген екі ұлдың бірі Талғатыңызды өзі беріп, өзі алды. Ғұмыры келте болды. Талғаттың қасына жерлерсіңдер деп аманаттапсыз. Даниярды адалдыққа баулыдыңыз. Өзіңіз сияқты кішіпейіл. Кісінің де, мемлекеттің де ала жібін аттаған жоқ, қанағатшыл. Досыңыз Шернияз Нұғыманұлы бір апта бұрын дүние салғанда туған өлкеңіз Жаркентке ақтық сапарға шығарып салған күні жақсы сөйлепсіз. Бұл сіздің туған өлкеңізбен, ел-жұртыңызбен соңғы қоштасуыңыз болыпты. «Бабында тұрған тұлпардай тың еді. Шерниязның артынан іле-шала кете барды», – дейді Құдай қосқан қосағыңыз София жеңгем. Алматыға келіп, енді Астанаға ұшамыз деп қамданып отырғанда аяқасты айырылып қалдық деп, қайғыдан жүрегі қарс айырылып егіліп отыр. Жан алатын періште әзірейіл де айтпай келеді ғой. Әлде балаңыз Даниярға айтқан «Алай-былай болып кетсем ауылға жеткізе аласың ба?» деген өтінішіңізді Алла Тағала естіп, сүйегіңізді алыстан арқалатпай, жақыннан жеткізуге мүмкіндік жасағаны ма?! Өзіңіздің өтінішіңіз бойынша Талғат балаңыздың жанынан топырақ бұйырды. Топырағыңыз торқа болып, жаныңыз жәнатта болсын, аға! Жандарбек балам үйленгенде төрде отырып, келінге торт кестірмей, қазақы салт пен самаурын қайнаттырып, ауылдың ақсақалы, абызы деп өзіңізге, жеңгеме келіннің қолынан шәй бергізіп едім. Тойға келген ел сүйсініп, сіз ақ батаңызды беріп, бақытты болыңдар деп ағыңыздан жарылып едіңіз. Сол келіннен төрт немере сүйіп отырмыз. Жандарбек те, келін де сіз бен жеңгем туралы жиі айтып отырады аға!

Бір ғасырға жуық ғұмыр кештіңіз. Қазақтың әр азаматы сіздей болып өссе, өзіңіздің есіміңізді арқалаған Ақсудағы азаматтар аман болса, Ақсудың ел-жұрты да сізді елеусіз қалдырмайтын шығар, аға! Енді сіздің екінші ғұмырыңыз басталды. Сіз жайлы әлі талай естеліктер айтылар, есіміңіз алты Алашқа әйгіленер. «Алтын-Емел» Мемлекеттік ұлттық паркі де сіз жайлы жылда бір шара өткізіп тұрар. Өзіңіз іргесін қалаған Ұлттық парк директоры Халық Баяділов те сіздің жарқын бейнеңізді мәңгі есте қалдырады деп сенеміз, қайран аға!

АҚИҚАТТЫҢ АЛДАСПАНЫ

(Ғалым ағаның рухымен тілдесу)

Қайран аға, қара нарым, қадірлім,
Самұрығым, саңлағым, сабырлым.
Сыймаушы едің жалғандықпен күресіп,
Қауызына қалай сыйдың қабірдің?!

Алтын-Емел тарихында есімің,
Ақиқаттың айқара ашып есігін.
Тірлігіңде түлен түрткен марқұмдар,
Ақыретте сұрады ма кешірім?

Жолықтың ба, Заманбектей заңғармен,
Көзсіз батыр, «алды-арты жоқ» аңғалмен.
Кезікті ме екіжүзді пенделер,
Ту сыртыңнан сұққылаған қанжармен.

Бақидағы қалай аға қалыңыз?
Жай тапты ма жәннат бақта жаныңыз.
Амансың ба, тозағының отынан,
Дұғадамыз жасымыз да көріміз.

Күйе жаққан өзіңіздей асылға,
Жандар жүр ме, бәрін айтшы жасырма.
«Арамдарды Алла өзі реттейді», –
Деуші едіңіз «еш пендеге тас ұрма!»

Тірлігіңде жасамап ең асылық,
Билікте де көрмеп едің тасынып.
Асқақ тұрып ақиқаттың алдында,
Көрмеп едің жалғандыққа бас ұрып.

Алтын-Емел қорығында тіршілік,
Көктеп жатыр өзің еккен мың шыбық.
Жортқан аң да, ұшқан құс та жан аға,
Айғай құм да «Ғалым» дейді күрсініп.

«Ғалым» дейді жыбырлаған жәндік те,
«Ғалым» дейді қара жерге дән біткен.
Табалап жүр, сабалап жүр тірілер,
Арғымақтың аяғына қан түссе.

Алла кешсе күнәңізді күлімдей,
«Қыл-көпірден» өткін аға, сүрінбей.
Біздің жақта басталды ғой реформа,
Елбасын да жамандадық дүрілдей.

Төсті соққан мүжіліп ед балға да,
Қара бұлт үйірілді Ханға да.
Жалт бұрылды жағымпаздар, жантықтар,
Қарсы шықты қарқылдаған қарға да.

Сіздер жақта кілті кімде жәннаттың,
Тозағында кімдер жатыр азаптың.
Біздің жақта хәлі мүшкіл қазақтың,
Ана тілге тумады әлі азат күн.

Қалай аға, жайлымекен жер бесік,
Жер бесіктен жатқан жоқ па ел көшіп.
Сұрағынан аман өтін қабірдің,
Жатсаң екен екі аяқты кең көсіп.

Абызым-ау, айналып ең данаға,
Теңдей едің ханға дағы, қараға.
Елден сәлем Заманбекке айтарсың,
Топырағың торқа болсын, Жан аға!

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 16 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25 «Masele»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.30 Т/х «Орман иесі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Apta»
16.05 «Ауылдастар»
16.35 «Көңіл толқыны»
17.15 «Шабдалы 18»
20.35 «Ashyq alan»
22.25 «Жат мекен»
23.20 «1001 түн»
01.00 «Ashyq alan»
01.55 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 16.00 Кино
06.45 «Жұлдызды жекпе-жек»
08.30 «Бір туынды тарихы»
09.00 «Дала battle»
10.00. 18.00 Мегахит
12.00 Т/х «Шашу»
13.00, 22.30 Т/х «Құсайыновтар. Өмір жолы»
15.00 «Бүгін»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Народный кантроль»
21.00 Итоги дня
21.30 По сути
21.35 Т/х «Кебенек»
00.00 «Сырты бүтін»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20, 02.00 Т/х «Ұлым»
12.10, 23.50 «Қорғансыз ханшайым»
13.20, 02.40 «SarapTimes»
14.30 «Жаңа күн»
15.35 Шоу «Ду-думан»
17.00 «Айнұрдың арманы»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
20.00, 03.25 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
04.20 «Келіндер»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша city»
06.45 «Той Заказ»
07.25 «Жить здорово»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 Сериал «Без памяти»
14.00, 02.15 «НОВОСТИ»
14.15, 02.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Ты моя мама?»
00.20 Сериал «Мосгаз. Новое дело майора Черкасова. Палач»
02.35 «Паутина»
04.35 «Той заказ»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 «Бір кем дүние»
09.40 «Юморина»
12.00 «Любовь как мотив»
13.50 «Наследники»
17.30 «Мұңды ызғар»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Тайна лилит»
01.30 «Верни мою любовь»
02.20 «Мұңды ызғар»
03.50-04.20 Әзіл-күлкі

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 «Жанашыр»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30, 02.30 31 әзіл
08.30, 00.50 Сериал «Ханшайым»
09.30 М/с «Маша и медведь»
10.30 М/с «Лило и Стич»
10.50 Кино «Путь домой»
12.50 Кино. «Сезон чудес»
15.00 Худ/ф «Черный ястреб»
18.00 Сериал «Кухня» (повтор)
19.00 Сериал «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 Худ/ф «Акт мести»
23.50 Сериал «Анупама»
01.30 Сериал «49 күн»
04.00 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдық»
06.30 «Серт пен Сезім»
07.30, 22.30 «Қадам»
08.30, 02.20 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 16.20 «Дылды»
10.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
10.50, 19.30 «Спасти веру»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q-ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 01.20 «Гадалка»
18.30, 00.10 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Утеряны документы на имя Жексекова Оралхана Билисбаевича: удостоверение личности, пенсионная книжка, права. Нашедшего просим вернуть за вознаграждение. Тел. 87771713835, дом. тел.: 87282241028.

Сейсенбі - Вторник, 17 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.30 Т/х «Орман иесі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Ұлт мақтанышы»
15.40 «Ауылдастар»
16.15 «Көңіл толқыны»
17.15 Т/х «Шабдалы 18»
20.35 «Ashyq alan»
22.25 Т/х «Жат мекен»
23.20 «1001 түн»
01.00 «Ashyq alan»
01.55 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 16.00 Кино
06.45 «Жұлдызды жекпе-жек»
08.30 Д/ф «Бір туынды тарихы»
09.00 «Дала battle»
10.00. 18.00 Мегахит
12.00 Т/х «Шашу»
13.00, 22.30 Т/х «Құсайыновтар. Өмір жолы»
15.00 «Бүгін»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Народный кантроль»
21.00 Итоги дня
21.30 По сути
21.35 Т/х «Кебенек»
00.00 «Сырты бүтін»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20, 02.00 Т/х «Ұлым»
12.10, 23.50 «Қорғансыз ханшайым»
13.30, 02.40 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Жаңа күн»
15.35, 04.20 Т/х «Келіндер»
17.00 «Айнұрдың арманы»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
20.00, 03.25 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша city»
06.45 «Той Заказ»
07.25 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 Сериал «Желтый глаз тигра»
14.00, 02.15 «Новости»
14.15, 02.30 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Ты моя мама?»
00.20 Сериал «Мосгаз. Новое дело майора Черкасова. Палач»
02.35 «Паутина»
04.35 «Той Заказ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Бір кем дүние»
09.00 OZAT ОТБАСЫ
09.50 Новости
10.30 «Тайна Лилит»
14.40 «Наследники»
17.30 «Мұңды ызғар»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Тайна Лилит»
01.30 «Верни мою любовь»
02.20 «Мұңды ызғар»
03.50-04.20 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.35 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «Жанашыр»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Өмірлік бағдар»
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 00.50 Сериал «Ханшайым»
09.30, 02.30 31 әзіл
10.00 М/с «Маша и медведь»
11.30 М/с «Лило и Стич»
12.00 Кино. «Сезон чудес»
14.05 Кино. «Три Гавкатера»
16.00 Худ/ф «Акт мести»
18.00 Сериал «Кухня» (повтор)
19.00 Сериал «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 Худ/ф «Идеальный побег»
23.50 Сериал «Анупама»
01.30 Сериал «49 күн»
04.00 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдық»
06.30 «Серт пен Сезім»
07.30, 22.30 «Қадам»
08.30, 02.20 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 16.20 «Дылды»
09.50, 17.30 Сериал «Женский доктор»
10.50, 19.30 «Спасти веру»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q-ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 01.20 «Гадалка»
21.30 «Аппақ келін»
23.20 «Ата-ана. Бала-шаға»
00.10 «Aibat»
00.50 «Студия 7»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

23.40 Т/с«Верни мою любовь»

ЖЕТІСУ
07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
10.30 ««Сильные духом»»
11.00 «Безбен»
11.50 Инфо-блок
12.00 М/ф «Джеки Чан»
12.40 «Иман нұры»
13.30 «Зерде»
14.15 «Сделано в Казахстане»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 Д/ф «Мәдени байлықтар»
16.00 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әдебиет пен адамзат»
18.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
18.30 «Олжа»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Жанарсыз адам келеді» концерті

31 КАНАЛ
06.00, 02.00 Әзіл студио
07.00 «Тамаша live»
08.00, 01.20 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 М/ф «сезон охоты-4»
11.20 Кино «Келинка Сабина»
13.50 Х/ф «Защитник»
15.50 Х/ф «Робокоп»
18.30 Х/ф «Инферно»
21.00 «Біздің шоу»
23.00 Кино «Зумрад и Ким-мат»
03.00 «Әзілдер күнделігі»
04.00 «What`s up?»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ
06.00, 05.10 «Қуырдақ»
06.30 «Гу-гулет»
07.00 Т/х «Япырай»
07.30 «Құтты қонақ»
08.00, 03.10 «Jaidarman»
09.00 «Маска»
13.00 Х/ф «Я думал ты бу-дешь всегда»
15.00 Т/х «Меховая 8/1»
16.30 Т/х «Ата-ана.Бала-шаға»
18.10 Концерт
19.40 Т/х «Аппақ келін»
21.00 Сериал «Хрустальная мечта»
01.10 Х/ф «Мачо и Ботан-2»
04.00 Скетчком «Q-ЕЛІ»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ?

ДӘРІГЕР – АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ДӘНЕКЕРІ

ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТУ – МЕМЛЕКЕТТІҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ. МЕМЛЕКЕТ БҰЛ МІНДЕТТІ ОРЫНДАУ ҮШІН БАРЛЫҚ КҮШ-ЖІГЕРІН САЛУДА. СОҢҒЫ 30 ЖЫЛДА ОТАНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ АЙТАРЛЫҚТАЙ ДАМЫДЫ ДЕСЕК, АРТЫҚ АЙТҚАНДЫҚ БОЛМАС. СОНЫҢ ІШІНДЕ АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ДА АХУАЛЫ КӨШ ІЛГЕРІЛЕНІП КЕЛЕДІ. МҰНЫ АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫНА ҚАРАСТЫ ОЙТОҒАН АУЫЛДЫҚ ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯСЫНА БАРҒАНЫМЫЗДА АЙҚЫН АҢҒАРДЫҚ.

ДӘУІР мен өркениет алмасып келсе де, дәрігерлердің Гиппократ антына адалдығы сол күйінде қалып отыр. Осындай жауапкершілік жүгін арқалап, медицина саласында жемісті еңбек етіп келе жатқан Ойтоған ауылындағы дәрігерлік амбулаториясының ақ халатты абзал жандарының еңбегі ұшан-теңіз. Ал, ауылдық дәрігерлік амбулаторияның меңгерушілік қызметін Ерікcұлтан БИЖІГІТОВ атқаруда.

Ауыл тұрғындарының алғысына бөленіп келетін Ерікcұлтан Бисұлтанұлы 1957 жылы 21 желтоқсанда дүниеге келген. Ата-анасы білім саласында ұзақ жылдар еңбек еткен. Отбасындағы жеті перзенттің екіншісі Ерікcұлтан ағаның медицина саласын таңдауына өзінің алдындағы әпкесі себепкер болыпты.

«Ауылда туып, бастауыш сыныпты оқысам да онжылдықты Талдықорған қаласындағы Ушинский атындағы орта мектептен тәмамдадым. Сегізінші сыныпты аяқтап, каникулға ауылға келгенімде өзімнен екі жас үлкен әпкемнің демікпесі ұстап, қысылып жатқанын көрдім. Жаны қатты қысылған ол маған өзіне укол салып беруін өтінді. Ал шприцті қолыма алмақ түгілі уколдан қашатын мен біраз дегбіріп қалдым. «Өліп бара жатырмын» деген әпкемнің сөзінен соң дайындап қойған дәріні (эуфиллин) тамырға салып, қол ұшын бердім. Содан іштей: «әпкем қиналғанда осылай көмегімді беруге тиіспін» деген оймен медицинаға баруды жөн санадым. Осылай ойды арманға ұштастырып, дәрігерлік мамандықты таңдадым» – деп бастады әңгімесін медицина саласының майталманы Ерікcұлтан Бисұлтанұлы.

ОНЖЫЛДЫҚТЫ бітірген жылы медицина институтына құжаттарын тапсырғанымен, бірден түсе алмапты. Мұнан соң ауылға келіп, бір жылдай әртүрлі жұмыста еңбек еткен. Тек бір жылдан кейін ғана дәрігерлік әлемге дендеп енуге жол ашылған. Яғни, жетпіс бесінші жылдан бастап медицина мамандығы бойынша білім алады. Аталмыш оқу орнын бітірген соң Талдықорған қаласында интернатурадан өтеді. Осылай 1983 жылдан бастап Ақсу ауданына қарасты Қызылту ауылында балалар дәрігері болып алғашқы еңбек жолын бастайды. Мұнда екі жылдай қызмет етіп, 1985 жылы Қызылтаң ауылына (қазіргі Ойтоған) ауысады. Осындағы іргесі 1963 жылы қаланған 25 орынды ауылдық учаскелік ауруханаға бас дәрігер болып тағайындалады. Міне, сол уақыттан бері қызмет етіп, әріптестеріне өнеге көрсетіп, өмірлік тәжірибесімен бөлісіп келеді. Сырқат жанның дертіне дауа, еміне шипа таба білген жан саналы ғұмырын халық денсаулығын сақтап, салауатты өмір салтын қалыптастыруға арнап келеді.

«*Мен келгенде ауылдық учаскелік аурухана (амбулаториясымен бірге) болатын. Отыз беске жуық қызметкер еңбек етті. Ол тұста ауылда үш жарым мыңнан астам халық тұрды. Тек ауылдағы адамдардың ғана емес, он күнде бір малшыларды аралап, денсаулықтарын жіті қадағалап отыратын едік. Басшылықпен балалар дәрігері міндетін де қатар атқардым. Ал терапевт дәрігері болып Жақсыбекова (қазір Оралбекова) Айгүл Оралтайқызы (бүгінде аудан орталығында емхана меңгерушісі) болды. Ал, маған дейін бас дәрігер болып біраз адам еңбек етті. Атап айтсам, Мэлс Кенжебаев, Жеңіс Абдрахманов, Абдолла Мақұлбаев, Баймұқан Шаяхметов, Клара Мұхаметова. Олардың дерлігі ауыл медицинасының дамып, алға жылжуына сүбелі үлес қосты. Осындай білікті дәрігерлерден кейін басшылық қызметке мен келдім. Содан бері қарай қырық жылдан астам уақыт туған ауылымда елеулі еңбек сіңірудемін.*

1992 жылдан бастап ауылдық учаскелік аурухана дәрігерлік амбулатория болып қайта құрылды. Қазіргі таңда мұнда тоғыз медицина қызметкері, екі жұмысшы мен жүргізуші еңбек етеді.

Ауылда мыңнан аса адам бар, соның 800-ден астамы ересектер, 30-дан астамы жасөспірім, 200-ге жуығы 14 жасқа дейінгілер. Өткен жылы 14 ана босанды. Бүгінде барлығының жағдайы қалыпты. Өмірге келген сәбилердің үшеуі бір жастан асса, 11-і әлі жасқа толмағандар қатарында. Сонымен қатар 160-тан аса адам диспансерлік есепте тұрады. Олардың 3-уі жасөспірім, 5-уі бала. Бұлардың бәрі әр квартал сайын тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі. Амбулатория ішінен ашылған 5 төсектік күндізгі бөлімде ем алушылар үшін де тегін дәрі-дәрмек қарастырылған. Ел денсаулығын нығайтуда дәрігерлермен қатарласа күн-түн демей аянбай тер төгіп келетін медбикелер – Қарлығаш Қыдырманова, Аязхан Тінібаева, Бақытгүл Толықбаева, Айгерім Шошанбасовалардың есімдерін ерекше атап өткім келеді. Мұнымен қоса фельдшерлер – Елдос Есімбеков, Елдос Әлімбеков, акушер қызымыз – Данагүл Омарова, тазалықшы – Гүлжазира Тойылханның да ауыл медицинасына қосып келетін үлестері зор. Жедел жәрдем көлігінің жүргізушісі – Сержан Жұмайбековтың, жұмысшылар – Ерлан Қабиев пен Жеңісхан Кенжебаевтың, сондай-ақ, осы жерде әлеуметтік қызметкер болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан, менің құдай қосқан жарым Айжан Бижігітованың сіңірген еңбегін де даралап айтуға болады. Жалпы, Ойтоған ауылдық дәрігерлік амбулаториясы ұжымының басым бөлігі жастар», – дейді өз ісінің майталманы.

ҚЫРЫҚ жылдан аса медицина саласында еңбек етіп келетін аға дәрігер елімізге төнген тәжтажалмен күресуге ауыл дәрігерлерінің де өлшеусіз үлес қосқанын айтты. Ковид басталған алғашқы айда жасы келген бір адам қайтыс болса, аудан дәрігерлерінің дер кезіндегі көмегімен төрт адам емделіп, дерттен айығып шыққан.

Әңгіме желісінде амбулатория меңгерушісі аудандық аурухананың басшысынан бастап ондағы әр маман қашанда ауылдық дәрігерлік амбулаторияның мамандарына ақыл-кеңестерін айтып, көмек қолын созуға әзір тұратынын да айтты.

«*Аудандық орталық аурухананың дәрігерлерінен барынша көмек алып тұрамыз. Жуырда аурухана директоры Салтанат Мықтыбаева арнайы келіп, жағдайымызды өз көзімен көріп кетті. Сол кезде дәрігерлік амбулаторияға қоршау (қаша) қажет екенін айтқан едік. Ол кісі көмектесуге уәде етті. Қалған ағымдағы жұмыстарды өзіміз атқарып жатырмыз. Ауылға жастар да көптеп тартылуда. Жастар – біздің болашағымыз ғой. Солардың арқасында жұмысымыз да ілгері басып келеді.*

Күндізгі бөлімде айына жоспарлы түрде 25 адам емдейміз. Дәрі-дәрмек жеткілікті. Жедел жәрдемде істейтін фельдшерлеріміз де түскен шақыртуларға уақытылы көмек береді».

Өмір жолын медицинамен ұштастырған Ерікcұлтан Бисұлтанұлының айтуынша, мамандықтың бәрі жақсы. Оның ішінде дәрігер – мамандық атаулы ішіндегі ең қасиеттісі әрі абыройлысы. Дәрігер мамандығы – аса жауапкершілікті, шыдамдылықты, өз ісіне деген сүйіспеншілікті қажет ететін ұлы мамандық. «*Медицина маманы кәсіби деңгейін өмір бойы жоғарылатып отыруы тиіс. Асқан біліммен қатар дәрігерлік ынта, ниет, өз ісіне шынайы берілуі тиіс*», – дейді ол.

Елге сіңірген еңбегінің ескерусіз қалмағанын айтқан Ерікcұлтан Бижігітов әр жылдарда алған мақтау грамоталарынан бөлек, 2015 жылы «Жыл Үздігі» атағын

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ?

иеленсе, 2018 жылы «Алтын дәрігер» медалімен марапатталыпты. Осы орайда ол: «*Мұның бәрі медицина саласындағы еңбегімді бағалағаны деп білемін*» деп ағынан жарылды.

Мақала басында Ерікcұлтан Бисұлтанұлының отбасындағы жеті баланың екіншісі екенін, дәрігерлік мамандықты әпкесіне қарап таңдағанын тілге тиек еттік. Марқұм апайы да фельдшер болып еңбек етсе, өзінен кейінгі қарындастарының бірі терапевт мамандығын таңдаса, енді бірі тіс дәрігері қызметін атқарады екен. Сонда Бижігітовтер отбасынан төрт бірдей медицина саласының маманы шыққан. Одан кейінгілері ұстаздық жолды таңдаса, кенжелері – Гүлнәр технолог маманы. Қазіргі кезде Ауыл шаруашылығы министрлігінде қызмет етеді.

АУЫЛДАҒЫ ағайынның сүйікті дәрігеріне айналған ақ халатты абзал жан отбасында жары Айжан Бижігітова екеуі бір қыз, екі ұлды тәрбиелеп өсірді. Қызы – Меруерттің бір басында төрт дипломы барын, бүгінде ауыл шаруашылығы департаментінде қызмет ететінін мақтаныш сезіммен айтқан әкенің ұлдары – Жеңіс пен Меліс те ел игілігі жолындағы түрлі салада еңбек етуде. Балаларын бар байлығына теңеген білікті дәрігерді немере сүйіп отырған бақытты азамат деуге де әбден болады.

Халықтың құрметіне бөлену – елге ерінбей еңбек еткен адамға ғана тән нәрсе емес пе? Бұл жерде, ең алдымен, айналаға адамгершілік қасиет әсер ететіні ақиқат. Өйткені адал еңбек ету қажеттіліктен тумайды, ол үлкен азаматтық жауапкершіліктен туындайды. Ел сенімін ақтаудың қаншалықты маңыздылығын қолынан іс келетін азаматтардың мойнына алған жауапкершілік жүгінен аңғаруға болады. Демек, Ерікcұлтан Бижігітов өңірдегі денсаулық саласында шаршап-шалдықпай адал еңбек еткен абыройлы жан. Мамандығын мақтаныш еткен жан үшін бұдан артық бақыт жоқ шығар, сірә?

* * *

ҚАЙ елде болмасын ана мен бала денсаулығы – басты мәселенің бірі. Дені сау анадан дені сау бала туады. Сондықтан біздің елімізде де бұған көп көңіл бөлінуде. Ал, қай кез болса да акушер-гинекологтың қоғам, ана мен бала алдындағы

жауапкершілігі өте зор. Мұны акушерлік мамандықты таңдаған Данагүл Омарова да растайды.

Талдықорған қаласындағы медицина колледжін бітірген Данагүл Серікқызы 2020 жылдың тамыз айынан бастап Ақсу аудандық ауруханасында еңбек жолын бастады. 2021 жылдың қазан айынан бері Ойтоған ауылындағы дәрігерлік амбулаторияда акушерлік қызметті атқарып келеді.

«*Өткен жылы тұрмысқа шығып, аудан орталығынан Ойтоған ауылдық дәрігерлік амбулаториясына ауысып келдім. Жолдасым да осы жерде фельдшер қызметін атқарады. Мен келгелі бері тіркеуде 253 әйел тұрса, оның 113-і туу жасындағылар. Сонымен қатар жүктілік кезеңіндегі 7 келіншек бар, бүгінде оның екеуі аман-есен босанды. Ал, екеуі басқа жаққа қоныс аударды. Қалған үшеудің санатында өзім де бармын.*

Дәрігер болу үшін бірінші кезекте өз ісін шексіз сүюі тиіс. Өйткені адам өзіне ұнамайтын шаруамен айналысса, ісі алға баспайды. Сонымен бірге білімге деген құштарлық пен ізденіс қажет. Медицина деген бір орында тұрмайтын сала ғой. Сондықтан ағымға ілесу үшін үздіксіз оқу керек. Мұнымен қоса, адамды жақсы көру керек. Бойында бұл қасиет болмайынша, ешкім де жақсы дәрігер бола алмайды. Себебі біздің жұмысымыз үнемі адамдардың ауруымен, қиналуымен байланысты ғой. Ал, акушерлік міндеттің жүгі тіптен де ауыр. Өйткені біз, бір емес, екі адамның өміріне жауаптымыз. Дей тұрғанмен, әріптестеріміздің жұмысы қанша ауыр болса да, бар жанын салып, қаншама ана мен баланың өмірін сақтап қалып жатыр.

Бүгінде жүкті әйелдерді назардан тыс қалдырмауға, оларға барынша көмек қолын созуға тырысып бағудамыз. Амбулаторияға келе алмай қалған жағдайда арнайы шақырту алсақ, үйлеріне барып дем арада барып қол ұшын беруге асығамыз. Ал енді өзіміздің шамамыз жетпей жатса, аудандық орталық ауруханасына апарамыз. Өзім жас болғандықтан әрдайым сол жердегі білікті дәрігер Алма Тельманқызымен кеңесіп, ақылына жүгініп отырамын – дейді акушер Данагүл Серікқызы.

ЕКІ жылға тарта уақытта медицинаға, соның ішінде акушерлік міндетке үлесін қосып бастаған жас маман сөзінше, болашақ ата-ана боламын деген әрбір ерлі-зайыпты дүниеге бала әкелуді жоспарлау керек. Себебі жүктілік деген жүрдім-бардым қарайтын шаруа емес.

* * *

Мақаш ТІЛЕУҒАН: «*Ойтоғанға көшіп келгелі он жыл болды. Төрт баланың анасымын, қазір бесіншісіне жүктімін. Жағдайым бір қалыпты. Осыған дейінгі балаларымды бір Алланың, содан кейінгі дәрігерлердің көмегімен жарық дүниеге әкелдім. Қазіргі кезде акушерім Данагүл Серікқызының айтқан кеңестерін де мүлтіксіз орындап жүрмін. Қашан келсең де жылы қабақпен қарсы алып, зыр жүгіріп жүреді. Жүктілік кезеңінде ішетін дәрумендерді де тегін береді. Амбулаторияның басшысынан бастап осында еңбек етіп жатқан дәрігерлердің дерлігі өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын жандар десем болады. Осындай қиын-дығы мен қуанышы қатар жүретін жұмыста аянбай тер төгіп келетін барлық дәрігерге айтар алғысым шексіз. Ел алдындағы еңбектері елене берсін*».

Айдана ҚАБИБОЛДАЕВА: «*Үш баланың анасымын. Бес ай бұрын үшінші баламды босанғанмын. Әр ай сайын келіп, дәрігердің тексеруінен өтіп тұрамыз. Амбулаторияны басқарып отырған Ерікcұлтан ағамыздан бастап осында қызмет ететін барша ақ желеңді абзал жандарға, соның ішінде баламыздың салмағы мен бойын өлшеп, қашан келсең де жүгіріп жүретін медбике Аязхан апайға ерекше алғысымды білдіремін. Әрқашанда еңбектері жемісті бола берсін».*

Ақсу ауданында 14 дәрігерлік амбулатория, 26 медициналық пункт жұмыс істесе, Ойтоған ауылдық дәрігерлік амбулаториясы солардың бірі. Мұнда қызмет ететін әр маман ауыл медицинасының дамуына шама-шарықтарынша үлестерін қосып келеді. Елмен тілдесуде шағын ғана ұжымды айрандай ұйытып отырған басшыға деген ерекше құрметті аңғардық. Жауапкершілігі мол жүкті арқалап, ел денсаулығы жолында аянбай тер төгіп келетін ойтоғандық дәрігерлер еңбегіне толайым табыс тілейміз.

Сарби ӘЙТЕНОВА
ТАЛДЫҚОРҒАН-АҚСУ-ОЙТОҒАН

● **ТАҒЛЫМ**

ТАНЫМЫ БИІК тау тұлға

Мұхаметжан Тынышпаев – қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, Алаш Орда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол қатынастарының инженері.

1879 жылы 12 мамыр күні бұрынғы Жетісу облысы, Лепсі уезі, Мақаншы-Садыр болысында дүниеге келген. 1889-1900 жылдары Верный ерлер гимназиясында оқып, оны үздік бітіріп шығып, Жетісу әскери губернаторының кеңсесіне тілмаш болып орналасуына жол ашады. Бірақ оқуға ынталы жас жоғары білім алуға ұмтылып, I Александр атындағы Санкт-Петербург теміржол транспорты институтына түсуге тілек білдіреді. Бұл жолы да тағдыр оған күле қарайды. Өзінің мұғалімі, гимназия директоры М. Вахрушевтің көмегімен қазынадан 360 сом жылдық стипендия алып, 1900-1906 жылдары аталмыш институтта оқып, үздік бағамен бітіреді.

Институтта оқып жүрген кезде-ақ ол туған халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтап баспасөзде мақалалар жариялайды және әр түрлі жиындарда сөз сөйлейді. Институттың соңғы курсында жүргенде 1905 жылғы төңкеріске қатысады. Сол жылы өткен автономшылардың съезіне қатысып, онда «Қазақтар және қоғамдық қозғалыс» деген тақырыпта баяндама жасайды, өз халқының мұңын жеткізіп, Министрлер комитеті атына өтініш жолдайды.

Жалпы, М.Тынышбаев 1905-1907 жылдары Ресей империясының қоғамдық саяси өміріне белсене араласа бастайды. 1907 жылы Ресей II-ші Мемлекеттік Думасына Жетісу облысынан депутат болып сайланады. Қазақ депутаттарының Дума трибунасынан Столыпиннің аграрлық саясатын сынаған үндері естіліп, үлкен шу тудырды. Мұның аяғы 1907 жылдың 3 маусымдағы заң бойынша Дума таратылып, қазақтардың Мемлекеттік Думаға өз өкілдерін сайлау құқығынан айырылуымен тынады. 1914 жылы ол Түркістан Әулие – Ата темір жол құрылысына бас инженер болып қызмет атқарады.

М.Тынышпаев тарихшы ғалым ретінде қазақ халқының арғы-бергі тарихының жекелеген мәселелерін үлкен сүйінішпен және барынша ыждақаттылықпен зерттеді. Олардың қатарында халқымыздың ауызша айтылған және қағаз бетіне түскен шежірелері бар. Сонымен қатар, қазақ даласында орын алған далалық өркениет пен қалалық тұрмыс-тіршіліктің, мал шаруашылығы мен егіншілік мәдениетінің арақатынасын зерттеу объектісі ете білді. Осының нәтижесінде туындаған «Түрік-Монғол тарихы» (1923-1927жж), қазақ шежіресі бойынша «Қазақ-қырғыз тарихының материалдары» (1925ж), оған қосымша ретінде «Қырғыз-Қазақтар XVII және XVIII ғасырларда» (1924-1925жж), «Көксу үйіндісі және Қойлық қаласы» (1924ж), «Қызыл өзен үйіндісі және Баласағұн қаласы» (1924ж), «Ақтабан шұбырынды» (1927ж), «Сырдария және Жетісу губерниясындағы ежелгі қалалардың, бекініс, қорғандардың іздері», «Ежелі Илан балық (Іле Балық) қаласының орны туралы» деген, және т.б. еңбектері инженер М.Тынышпаевты әрі тарихшы әрі өлкетанушы ретінде көрсетті.

1925-1926 жылдары жаңа астана Қызылорда қаласын көріктендіру жүйесінің бас инженері болып тұрғанда қаланы сумен қамтамасыз ету жолын және көптеген жаңа объектілер салу туралы ұсынады. 1926 жылдан бастап Тұрар Рысқұловтың қолдауымен Түркістан-Сібір жолын салуға қатысады. Оның жергілікті жер жағдайын жақсы білуі, құрылыстың техникалық және экономикалық мәселесін шешіп отырды. Егер сол жылдары Түрксіб темір жолы құрылысы салынбағанда, елімізде ашаршылықтан құрбан болған адамдар саны бұдан да көп болар еді.

Сталиндік зобалаңда ол 1930 жылы 3 тамызда тұтқындалып, бес жылға сотталып Воронежге бес жылға жер аударылады. Онда ауырып, оралғанымен 1937 жылы қараша айында қайта тұтқындалады да, 1938 жылы Ташкент түрмесінде атылады.

Мұхаметжан Тынышпаевқа қатысты тарихи құжаттар мен деректер елімізде, ТМД елдері қалаларының (Мәскеу, Петербург, Самара, Уфа, Том, Қазан, Ташкент, Қоқанд, Ашғабад және т.б.) мұрағат қорларында және алыс шетелдерде түрлі ресми-қоғамдық мекемелермен жеке коллекционерлер қорларына шоғырланған. Оларды іздеу, жинау, деректанулық талдау жұмыстары үздіксіз жалғаса берсе деген ойдамыз.

Бауыржан ҚҰРМАНҰЛЫ,
М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері.

Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК

ДОЛЖНЫ ПОДДЕРЖИВАТЬ, А НЕ ВЫСМЕИВАТЬ

Целью Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2019 годы было обеспечение полноценного функционирования государственного языка в качестве важного фактора укрепления национальной идентичности при сохранении языков всех этносов, проживающих в Казахстане.

В результате реализации данной Программы существенно расширена инфраструктура обучения государственному языку: организаций с казахским языком обучения и воспитания школы, центры обучения государственному языку; активно осуществляется перевод делопроизводства на государственный язык; реализован ряд телепроектов: реалити-шоу, уроки по изучению казахского языка;

Разработана многоуровневая система оценки знания языка "Казтест" по аналогии IELTS (Великобритания) и TOEFL (Соединенные Штаты Америки). В рамках данной системы разработан и внедрен национальный стандарт, определяющий уровень владения казахским языком обучающегося. В национальном стандарте определен перечень должностей, профессий и специальностей, для которых установлены требования к уровню знания государственного языка. На основе национального стандарта разработана и внедрена типовая программа обучения казахскому языку взрослого населения, систематизированы процесс обучения языку и содержание методических пособий, разработан лексический минимум по каждому языковому уровню;

Таким образом, в настоящее время для расширения сферы применения государственного языка у нас делается большая работа. Ряды желающих научиться казахскому языку также растут. Мы знаем много примеров представителей других национальностей хорошо владеющих государственным языком на уровне разговорной речи. Даже в судебных процессах встречаются такие лица, которые участвуют без помощи переводчика, в процессах на государственном языке. Бывают, конечно, при произношении некоторых слов помарки, но суть разговора и свои мысли вполне доходчиво доводят. Одним словом, явно, ощущается стремление русскоязычных молодых людей научиться государственному языку и выражать свои мысли на казахском языке. Это надо только приветствовать, а не критиковать если где-то исказят произношение. Здесь уместно, напомнить слова Президента Республики Казахстан К.К.Токаева.

Так, в интервью газете «Ана тілі» Глава государства высказался, в том, что нам следует поддерживать и поощрять представителей других этносов, хорошо владеющих казахским языком. Такие люди помогут поднять казахский язык до уровня языка межнационального общения. Проявлять толерантность и понимание к тем нашим соотечественникам, которые допускают фонетические и орфографические ошибки при использовании казахского языка Таких ведь среди молодых людей немало. Нельзя смеяться над теми, кто стремится говорить по-казахски, напротив, мы должны поддерживать их.

Лаура КУШКЕНОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМАС Алматинской области.

ВИДЫ НАКАЗАНИЯ

НАКАЗАНИЕ В УГОЛОВНОМ ПРАВЕ – ЯВЛЕНИЕ СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЕ. СОЦИАЛЬНОЕ НАЗНАЧЕНИЕ НАКАЗАНИЯ СОСТОИТ В ТОМ, ЧТО ОНО НА ПРОТЯЖЕНИИ МНОГИХ ЛЕТ РАССМАТРИВАЕТСЯ КАК ОДНО ИЗ СРЕДСТВ БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ, СПЕЦИФИЧЕСКИЙ И ВЕСЬМА ЖЕСТКИЙ РЕГУЛЯТОР ПОВЕДЕНИЯ ЛЮДЕЙ, ВСТУПАЮЩИХ В КОНФЛИКТ С УГОЛОВНЫМ ЗАКОНОМ. НА РАЗЛИЧНЫХ ЭТАПАХ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВО С ПОМОЩЬЮ УГОЛОВНОГО НАКАЗАНИЯ ПЫТАЕТСЯ РЕШИТЬ ПО СУТИ ОДНО И ТУ ЖЕ ЗАДАЧУ – ЗАЩИТИТЬ ОБЩЕСТВО ОТ ПРЕСТУПНЫХ ПОСЯГАТЕЛЬСТВ НА НАИБОЛЕЕ ВАЖНЫЕ СОЦИАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ, ОХРАНЯЕМЫЕ УГОЛОВНЫМ ЗАКОНОМ.

МЕРА ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРИНУЖДЕНИЯ

Реализация целей наказания во многом предопределяется назначением наказания. Назначение наказания способствует исправлению осужденных, предупреждению совершения новых преступлений как осужденными, так и другими лицами. Наказание может решить эти задами, если оно будет обоснованным, справедливым. Лицу, совершившему преступление должно быть назначено наказание, необходимое и достаточное для его исправления и предупреждения новых преступлений, Такой подход суда к назначению наказания обеспечивают общие начала (правила) назначения наказания, содержащиеся в статье 52 УК. Эта статья устанавливает для суда не детализированные, а общие правила назначения наказания, которые, с одной стороны, ставят суд в строгие рамки закона, а с другой – дают ему возможность проявить собственную инициативу при назначении наказания.

Наказание есть мера государственного принуждения, назначаемая по приговору суда. Наказание применяется к лицу, признанному виновным в совершении уголовного правонарушения, и заключается в предусмотренном настоящим Кодексом лишении или ограничении прав и свобод этого лица.

Напоминаем, что к лицу, признанному виновным в совершении уголовного проступка, могут применяться следующие основные наказания: 1) штраф; 2) исправительные работы; 3) привлечение к общественным работам; 4) арест; 5) выдворение за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства.

К лицу, признанному виновным в совершении преступления, могут применяться следующие основные наказания: 1) штраф; 2) исправительные работы; 2-1) привлечение к общественным работам; 3) ограничение свободы; 4) лишение свободы; 5) смертная казнь.

А также к лицу, признанному виновным в совершении уголовного правонарушения, наряду с основным наказанием могут применяться дополнительные наказания.

Айгуль КАСЕНОВА,
судья СМУС Алматинской области.

ГЕНДЕР

УГЛУБЛЕНИЕ ГЕНДЕРНЫХ КРИТЕРИЕВ

Целенаправленное проведение системной и востребованной гендерной политики в Республике Казахстан, всесторонне учитывающей национальный и международный опыт в сфере достижения гендерного равенства, религиозные и культурные особенности стран мирового сообщества. Гендерная политика в Казахстане базируется на принципах преемственности и сбалансированности, является важной составляющей внутренней политики страны и направлена на упрочнение национального согласия и единства.

В 2005 г. принята Стратегия гендерного равенства на 2006-2016 гг., являющаяся основополагающим документом, направленным на реализацию гендерной политики государства, инструментом ее реализации и осуществления мониторинга со стороны государства и гражданского общества, важным фактором становления демократии. В связи с завершением реализации Гендерной стратегии возникли благоприятные возможности увязать новый этап государственной гендерной политики с международными трендами устойчивого развития, национальными стратегическими приоритетами и новыми принципами социальной политики.

Как показывает международная практика, существенное влияние на уровень функциональной устойчивости семьи оказывают модели гендерных отношений. Чем выше уровень гендерного равенства, тем больше ответственности, паритетности и результативности в выполнении членами семей своих бытовых, экономических, нравственно-воспитательных, защитных и других важных функций.

Свидетельством дальнейшей демократизации казахстанского общества являются принятые парламентом специальные законы – «О профилактике бытового насилия», а также «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин», регулирующий общественные отношения в области обеспечения государственных гарантий равных прав и равных возможностей мужчин и женщин и устанавливающий основные принципы и нормы, касающиеся создания условий для гендерного равенства во всех сферах государственной и общественной жизни.

Ернар КУРМАНГАЛИ,
ведущий специалист Талдыкорганского городского суда.

ПРОИСШЕСТВИЕ

ХОТЕЛИ ПОКОРМИТЬ ЛЕБЕДЕЙ

Как пишет издание 716.kz., прохожий мужчина спас двоих тонувших детей в Акмолинской области

ЧП произошло вчера в селе Акмол, Около кафе «Аққу» едва не утонули 6-летняя девочка и 10-летний мальчик.

Выяснилось, что они кормили лебедей возле реки. В какой-то момент девочка поскользнулась и упала в воду, за ней, не раздумывая, прыгнул брат, чтобы спасти сестру. Но дети начали тонуть. К счастью, мимо проходил неизвестный мужчина. Увидев происходящее, он спас детей.

Сейчас состояние детей стабильное, врачи поставили диагноз – «Переохлаждение».

В отношении родителей составлен административный протокол статье 127 «Неисполнение обязанностей по воспитанию и (или) образованию, защите прав и интересов несовершеннолетнего». По этой статье грозит штраф – 10 месячных расчет

ВЫЕЗДНЫЕ СЕМИНАРЫ

ОБСУЖДЕНЫ РЯД ВОПРОСОВ

Как сообщила пресс-служба Алматинского областного суд, председателем гражданской коллегии Алматинского областного суда Досымбет К. и судьями Алматинского областного суда проведены семинар–совещания с выездом в районные суды Алматинского региона.

В ходе выездных семинаров были обсуждены вопросы качества отправления правосудия за 3 месяца 2022 года, эффективность и показатели работы судов в урегулировании спора на всех стадиях процесса, с применением примирительных процедур (статья 174 Гражданского процессуального Кодекса Республики Казахстана), сроки рассмотрения и разрешения гражданских дел (обсуждение дел, находящихся на рассмотрении свыше срока).

В семинаре приняли участие председатели, судьи районных и приравненных к ним судов.

На совещании участники детально обсудили отмененные и измененные судебные акты в апелляционном порядке, провели анализ, определили критерий оценки качества судебных решений, выслушали доклады судей.

К концу семинар-совещания участники внесли ряд предложений по отправлению правосудия.

Ш. ХАМИТОВ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АТ СПОРТЫ

ҚАБАНБАЙДЫҢ 330 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ЖАРЫС ӨТТІ

«Талдықорған» атшабарында Қаракерей Қабанбайдың 330 жылдығына орай ұлттық ат спорты түрлерінен облыстық жарыс өтті. Сәйгүліктер сайысын Алматы облысы әкімінің міндетін атқарушы Лаззат ТҰРЛАШОВ тамашалады.

Ұлттық ойынымыз ұлықталған шара барысында сөз алған Лаззат Махатұлы:

– *Ұлттық дәстүрді құрметтеп, бай рухани қазынаны әлемге таныту бағытында елімізде ауқымды шаралар атқарылуда. Әсіресе, ұлттық спорт түрінен оның ішінде ат спортын дамыту мақсатында облыста бір орталық, үш балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс жасауда. Сонымен қатар, «Көкбастау», «Талдықорған» сияқты заман талаптарына сай атшабарларымыз бар*, – деп аймағымызда ұлттық спортты дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Сондай-ақ, Таразда көкпардан ересектер арасында өткен ел біріншілігінде топ жарған облыс командасын айтулы жеңістерімен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

Қыраннан қырағылықты, тұлпардан тектілікті бойына сіңірген, жүйрікті тап басып танитын халықтың ұрпағы болғандықтан, сәйгүліктердің шабысын тамашалауға келген көрерменнің қарасы көп болды. Доданың алғашқы дүбірі жаужүрек бабаларымыздан қалған асыл мұраның бірі, ұлттық ойын – көкпар спортынан басталды.

Ат құлағында ойнайтын жігіттердің шеберлігі, ептілігі мен күш-қайраты сыналатын сайыс тартысқа толы болды. Әсіресе, үздік төртікке енге командалар жұртшылықты ерекше өнерімен тамсандырып, сайыс көркін қыздырды. Жарыс қорытындысы бойынша үшінші орынға таласта Қарасай ауданы Көксу ауданының командасын 5:2 есебімен ұтып, 300 мың теңгенің сертификатын қанжығалады. Ақтық сында Панфилов ауданының көкпаршылары Талғар ауданының командасынан 4:1 есебімен басым түсіп, облыстық сайыстың жеңімпазы атанды. Жеңімпазға 1 млн. теңге, күміс жүлдегерлерге 500 мың теңгенің сертификаты табысталды.

Келесі кезекте тай жарысқа үкілеп қосқан тұлпарлардың шабысы болды. Бұл топқа 20 тай қатыстырылды. Дала төсін шаңға бөгіп, тақымы тайға жабысқан шабандоздар да жиналған қауымның ықыласына бөленді. Бес шақырымдық тай жарысының қорытындысы бойынша 1-орынды Медет Беркінбаевтің «Доланқара» атты жүйрігі (Жамбыл облысы) жеңіп алды. 2-орынды Жалғызағаш ауылы, Ақылбай шаруашылығының «Айқай» тайы еншіледі. 3-орынды Медет Беркінбаевтің «Еркеханымы» ұтты. 4-орынды Жеңісбек Мәутебайдың «Тассайы» (Ескелді ауданы), 5-орынды Серікбол Мәуленұлының (Көксу ауданы) «Қоянқасқасы» иемденді.

Құнан бәйгеде тоғыз шақырымға құйрық-жалы сүзілген кілең жүйрік желмен жарысты. Талай дүбірлі додада топ жарып, жүлде алған арғымақтар жиналған жұртшылықтың делебесін қоздырып, бәйге төбені қиқуға толтырды. Дода қорытындысы бойынша Нұрым Қырғызбайдың «Замангері» (Жамбыл ауданы) мәре сызығын бірінші болып кесті. Ұзынағаштан келген Дастан Тойбаевтің «Нұртасы» тұғырдың екінші сатысынан көрінді. Асыл Дәулетовтың «Аламаны» (Кербұлақ ауданы) үздік үштікті түйіндеді. 4-орын Мұрат Тәжиевтің «Сұңқарына» (Қаратал ауданы), 5-орын Дәурен Берлібаевтің «Бәрекелдісіне» (Ақсу ауданы) бұйырды.

Топ бәйгеде 25 сәйгүлік 15 шақырымға көсілді. Бұлсында Төребек Құрманғалиевтің «Қарбурасы» (Жамбыл ауданы) топ жарып, 1 млн. теңге алды. Джанколиковтер әулетінің «Лидеры» (Іле ауданы) тұғырдың екінші сатысынан көрініп, 500 мың теңгені иеленді. Үздік үштікті Сұлтан Жоланұлының «Беріктас» атты сәйгүлігі (Жамбыл ауданы) түйіндеді. 4-орын Шеңгелді ауылынан келген Тұрсын Асылбековтың «Жебе» атты тұлпары алды.

9 шақырымды бағындырған жорға жарысында 1-орынды Нұрлан Қасымханның «Латив» атты тұлпары жеңіп алды. 2-орын Жарылқасын Сабазбековтың «Ұлытауы» (Алматы қаласы), 3-орынды Анатоли Шабаевтің «Чаронтлак» атты сәйгүлігі (Алматы қаласы) еншіледі. 4-орынға Павел Савченконың «Примусы» (Алматы облысы), 5-орынға Жәнібек Керейдің «Ханы» (Өскемен) тұрақтады.

Осыдан кейін жамбы ату, теңге ілу, көкпар, аударыспақ сияқты ат спорты ойындары өтті. Ұлттық өнерді ұлықтаған Ұлы Даланың ұландары көрермендерге керемет әсер сыйлады.

«Бәйгенің көркі – аламан» дегендей, 25 шақырымдық жарыс жолына әр тараптан қосылған 31 жүйрік бағын сынады. Қиқуға-қиқу қосқан елдің үнін естігенде шабандоздар тізгінді босатты. Жан-жақтан жиналған кіл жүйріктер ауыздықтарымен алысып, жүйтки жөнелді. Ылдидан шапса төске озған сәйгүліктердің додасы тартысқа толы. Соңғы айналымдарда мықты деген дүлдүлдер суырылып алға озып, өз алдарына жеке бір топ құрса, бабы келіспеген біраз жүйрік жарыс жолынан қалыс қалды. Желмен жарысқан жүйріктер жарысының қорытындысы бойынша 1-орынды Жамбыл ауданынан келген Тастан Әбдібайдың «Самрұқ» атты сәйгүлігі жеңіп алды. Жарыс жеңімпазына «Hyundai Elantra» автокөлігі табысталды. Мәрені екінші болып Талғар ауданынан келген Мақсұт Нысанбаевтың жүйрігі кесіп, 1,5 млн.теңгенің сертификатын алды. Үздік үштікті Жамбыл ауданынан Мұрат Қозыбаевтің тұлпары түйіндеді. 4-орынды Батырхан Сабуровтың (Абай облысы), 5-орынды Серік Құланбаевтың (Талдықорған қаласы), 6-орынды Бақыт Иманқұловтың (Жамбыл ауданы), 7-орынды Рүстем Досжановың (Көксу ауданы) сәйгүлігі еншіледі.

Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерді Лаззат Тұрлашов марапаттап ақшалай сыйлықтар табыстады.

Айдар ҚАЛИЕВ

ТУРНИР

1 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ СЫЙАҚЫ БЕРІЛДІ

Көкшетауда «Ақмола барысы» турнирі өтіп, ең мықты палуан анықталды.

«Ақмола барысы» чемпионы атағын көкшетаулық палуан Леонид Станеев жеңіп алды. Екінші орынды Бұланды ауданынан келген Алдаберген Толстой иеленді. Біржан сал ауданының өкілі Елуан Оспанов қола жүлдегер атанды», – деп хабарлады облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз қызметінен.

Ведомстводан атап өткендей, «Ақмола барысы» атағына ие болған палуанға 1 млн теңге, екінші және үшінші орын алғандарға 700 және 500 мың теңгеден ақшалай сыйлық берілді. Ақмола облысының үздік екі палуаны – Леонид Станеев пен Алдаберген Толстой «Қазақстан барысы» республикалық турнирінде Ақмола облысының намысын қорғайтын болды.

Ақмола облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы баспасөз қызметінің мәліметінше, жарысқа облыстың әр өңірінен келген 20 палуан қатысты. Олардың арасында әуесқойлармен бірге кәсіпқойлар да бар.

Бозкілемге қазақ күресімен айналысып жүрген палуандардан бөлек, самбошылар, дзюдошылар, сондай-ақ еркін және грек-рим күрес шеберлері де шықты.

ГИМНАСТИКА

Нұр-Сұлтанда көркем гимнастикадан Қазақстан чемпионаты өз мәресіне жетті. Бұл жарыстың командалық сайысы жергілікті спортшылардың жеңісімен аяқталды.

ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ

Елордалық қыздар 54.000 ұпай жинап, бас жүлдені олжаласа, екінші орынды Шымкенттің қыздары иеленді. Олардың қоржынында 48.300 ұпай бар. Үшінші орында – Алматы қаласы. Алатау баурайынан келген қыздар 45.150 ұпайды еншіледі. Жекелеген бәсекеде Елжана Тәниеваға тең келер ешкім табылмады. Кезінде қыздар арасында Азия чемпионы және Азия кубогының иегері атанып, бұл күндері халықаралық додаларда жүлде алып жүрген Шымкент қаласының өкілі осы жарыста да асқан шеберлік танытып, алтыннан алқа тақты. Елжананың жерлесі Баян Қойбағар күміс медальды мойнына ілді. Бұл гимнасшы да соңғы кездері айшықты өнерімен көзге түсіп, бірқатар ірі додада жеңіс тұғырына көтерілді. Нұрсұлтандық Сәбина Бақатова қола жүлдеге қол созды.

ТЕННИС

КІМДЕРМЕН ОЙНАЙДЫ?

Испанияның Малага қаласында Дэвис кубогының жеребесі тартылды. Осы жылдың 14-18 қыркүйегі күндері Шотландияның Глазгосында жалауы желбірейтін жарыста Қазақстанның теннисшілері D тобында өнер көрсетеді. Қарсыластарымыз – Ұлыбритания, АҚШ және Нидерланд құрамалары.

Жоғарыда аталған командалардың барлығы да азулы. Мәселен, АҚШ Дэвис кубогын 32 мәрте олжалады. Бұл – рекордтық көрсеткіш! Тағы олар 28 рет финалда ұтылды. Дәл осындай табысымен бірде-бір мемлекеттің теннисшілері мақтана алмайды. Американдықтар соңғы рет 2007 жылы осы турнирде топ жарды. Қазіргі кезде АҚШ-тың ең мықты теннисшілері деп Тэйлор Фритц пен Райли Опелканы атауға болады. 24 жастағы Фритц әлемдік рейтингте 13-орынды иеленуде. Кезінде жасөспірімдер арасында әлемнің бірінші ракеткасы атанған Калифорния штатының тумасы биыл Аустралияның ашық біріншілігінің төртінші кезеңіне жетіп, ATP турнирлерінде 13 мәрте топ жарды. Тэйлормен түйдей құрдас Райли 2021 жылы Мельбурндегі доданың үшінші айналымында сүрінді. Аса ірі халықаралық жарыстарда төрт рет жеңімпаз атанған Опелка үздіктер тізімінде 17-орынды еншілеуде.

37 жастағы Джон Изнер жайында ұзақ әңгімелеуге болады. 15 жылдан аса кәсіпқойлар арасында табысты өнер көрсетіп жүрген Солтүстік Каролинаның саңлағы кезінде Уимблдонның жартылай финалында күш сынасып, АҚШ-тың ашық біріншілігінің ширек финалына шықты. ATP додаларында Джон 16 рет теңдессіз деп танылды. Бұл күндері Изнер дүниежүзілік рейтингте 25-орынды иемденуде. Сондай-ақ АҚШ-тың мына өкілдері «ТОП-100» теннисшінің қатарында: Фрэнсис Тиафо – 29, Томми Пол – 34, Дженсон Бруксби – 43, Маккензи Макдональд – 51, Маркос Хирон – 53, Максим Кресси – 65, Брэндон Накашима – 76, Денис Кудла – 84 және Стив Джонсон – 96.

Аталған жарыста 10 рет дара шығып, сегіз рет финалда өнер көрсеткен Ұлыбритания теннисшілері қазіргі кезде қарқынын біраз бәсеңдетіп алды. Олай деуге негіз, бұл күндері

Тұманды Альбион елінің үш өрені ғана – «ТОП-100» теннисшінің қатарында. Солардың арасынан Энди Маррейді бөле-жара атап өтуге болады. 34 жастағы Глазгоның тумасы осыдан алты жыл бұрын әлемнің бірінші ракеткасы атанды. Ол Уимблдонның екі дүркін жеңімпазы, АҚШ-тың ашық біріншілігінде бір рет бас жүлдені олжалады. Аустралияның ашық біріншілігінің финалына бес рет шықты. Ролан Гарростың ақтық сынында ойнады. Энди Олимпия ойындарының жекелеген сайысында екі рет алтын алып, жұптық бәсекеде күміспен күптелді. ATP турнирлерінде 46 рет қарсылас шыдатпады. Әйгілі спортшы 2012 жылы Британия империясының орденімен марапатталды. Кейіннен ауыр жарақат алып, біраз уақыт емделді. Бүгінгі таңда Маррей әлемдік рейтингте 81-орынды қанағат тұтуда. Британиялықтар соңғы рет Дэвис кубогын 2015 жылы олжаласа, сол жеңімпаз команданың сапында дәл осы сэр Энди Маррей де өнер көрсеткен еді.

Ұлыбритания құрамасы сапындағы тағы екі мықты ойыншы жайында айтар болсақ, олар – Кэмерон Норри мен Дэниэл Эванс. 23 жастағы Кэмерон ОАР-да туып-өскенімен, кейіннен Лондонға қоныс аударды. Бүгінгі таңда ол әлемнің 11-ракеткасы атанып отыр. Ал 31 жастағы Дэниэл үздіктер тізімінде 35-сатыға тұрақтады.

Дэвис кубогында Нидерланд құрамасы өзінің ең зор табысына 2001 жылы қол жеткізді. Сол кезде олар жартылай финалға дейін жеткен еді. Қалған турнирлерде ала-құла өнер көрсетті. Қазіргі кезде аталған мемлекеттің екі теннисшісі ғана «ТОП-100-дің» қатарында. Олар – Ботик ван де Зандшульп (40-орын) пен Таллон Грикспур (56-орын). Бірақ аса ірі халықаралық жарыстарда Қызғалдақтар елінің өрендері ауыз толтырып айтарлықтай нәтижеге жете алған жоқ.

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылы Дэвис кубогының топтық сайысында Қазақстан құрамасы Ұлыбритания және Нидерланд теннисшілерімен шеберлік байқасқан еді. Сол жарыста жерлестеріміз нидерландтықтарды 2:1 есебімен ұтса, дәл сондай есеппен британиялықтарға есе жіберді. Ал американдықтармен біздің жолымыз әлі бірде-бір рет қиысқан жоқ.

Өзге топтарда мына командалар өзара күш сынасады: А тобы – Хорватия, Италия, Аргентина және Швеция. В тобы – Испания, Канада, Сербия және Оңтүстік Корея. С тобы – Германия, Франция, Бельгия және Аустралия. Бұл бәсекелер Болонья (Италия), Гамбург (Германия) және Валенсияда (Испания) өтеді. Әр топтан үздік шыққан екі құрама 23-27 қараша күндері Малагада жалауы желбірейтін плей-офф сайыстарында бақ сынайды.

Egemen.kz сайтынынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ІЛИЯС ІЗБАСАРЛАРЫ

Жетісу өлкесі – жыр дүлдүлі Іляастай ақын шыққан киелі мекен. Ал ақынның кіндік қаны тамған ауылда туып өсіп, шайырдың жырларымен сусындап өскен ұрпақтың әдебиетке жақын болмауы мүмкін емес. Ойтоған елді мекеніндегі Ілияс Жансүгіров атындағы орта мектепте оқитын оқушылар қатарында поэзияға жақын, қолына қалам алып, өлең жазып жүрген балалар өте көп. Осы орайда біз газетіміздің әр санында «Жыр дәптерінен» атты айдармен Ілияс ізбасарларының өлеңдерін беріп отыруды жөн көрдік.

ЖЫР ҚҰЛАГЕРІ
(І. Жансүгіровке)

Ілияс атам, құлагер еді мерт болған,
Есіл ерін елі бүгін еске алған.
Ілияс атам жазған әр бір еңбегі,
Түспей жүрсін деп білейік тек қолдан.

Ілияс ата, асылы ғой қазақтың,
Сөзі шымыр, ұйқастары ғажап тым.
Менде бүгін қолыма алдым қаламды,
Болсам деймін жас ақыны қазақтың.

Туған жері Кіндікқоңыр мекені,
Талай сырлар жатыр онда кешегі.
Бара қалсам ескерткіштің қасына,
Сырын шертіп қоңыр самал еседі.

Ілияс атам, құлагер еді дара туған,
Саналы ұрпақ өшірмейтін санасынан.
Кеше сені жау санаса адамдар,
Жазып жүр бүгін бәрі таласып ән.

Айшат ЖЕҢІСБЕК

ҚАЗАҚТЫҢ МАҢДАЙЫНА БІТКЕН АҚЫН

Кіндік қаны тамған жері, Жетісудың баласы,
Арқыраған Ақсуының маужырап тұр жағасы.
Ілияс ақын туып өскен, бір аунаған ауылы,
Кең алқапта терін төгіп, жусан терген даласы.

Жерұйыққой осы бір жер жоңғарының таулары,
Жетісуы, Шатыртасы жайлауының аңғары.
Осы жерге Алатауың, Хантәңірін орнату,
Қазағымның маңдайына біткен ақын арманы.

Отаным деп, халқым деген ол бір ақын айбатты,
Елі үшін, жері үшін сансыз жолды жайратты.
Үнін қосып, сырын қосып өлең жазған жүректен,
Біздің тума Жансүгіров Ілиясымыз қайратты.

Күйін шертсе Матайдағы Молықбай шал сатырлап,
Шауып келет Құлегері озат шығып, жақындап.
Күйші отыр күмбірлетіп, тартып келіп домбыра,
Сол жырлары ақын жанның жан дүниесін жандыра.

Тау баласы, шың баласы ақиығы аспанның,
Осы жырды сеніменен сеніменен бастадым.
Құз тауының құламалы шыңдарынан жаралған,
Тек өзіңе байланысты дәптерінді ашпадым.

Жас едің ғой жырлар жазған белесіңе, тауыңа,
Гималайың, Кавказың тұр бір өзінд сағына.
Сенің шексіз далаң жатыр топырағынды жамыла,
Шалқып өзен арнасынан Ақсу жатыр ағыла.

Дана ТҰРСЫН

САЛТ-ДӘСТҮР

«БІЗ ШАНШАР» ЖӘНЕ «ҚЫЗ ҚАШАР»

Қай халықты алсақ та, оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Салт-дәстүр сол халықпен бірге жасасып, оның тарихында өшпес із қалдырады. Бірақ, ұмыт болып бара жатқан ұлттық салт-дәстүрлеріміз де жоқ емес. Ендеше, салтымыз санамызда мәңгілік жаңғырып тұруы үшін дәстүр сөйлейді.

Біз шаншар (салт). Кең-байтақ Қазақстан даласында салт-дәстүрлердің қызықты түрлері көп. Бірақ олар бір-бірінен онша алшақ емес. Соның бірі - «біз шаншар». Еліміздің шығыс, оңтүстік жақтарында «жаушы» орнына осы «біз шаншар» салты қолданылады. Ақсақал-қарасақалы аралас бір топ ер азамат бойжеткен қызы бар үйге түсе қалады. Қандай шаруамен жүргенін айтпайды, ел шаруасын, амандық білген болып, қонақасын ішіп аттанып кетеді. Әдеп бойынша ел ішінде бір топ адам бұлай жүрмейді. Олар кеткеннен кейін отағасы мен анасы қонақтар отырған жерді қарап, одан шаншулы бізді тауып алады. Бұл «бізде ұл, сізде қыз бар» қуда болайық дегенді білдіреді.

«Қыз қашар» (дәстүр). «Былайша қыз қашар дәстүрін өткізетін үйді «болыс үй» дейтін көрінеді. (Х. Арғынбаев). Күйеудің келуін «ұрын келу» десе, қыздың атастырылған күйеуін көруі «қыз қашар» дейді. Бұл «ұрын тойы» өтетін күні болады. «Ұрын той» - жастар үшін көңілді, думанды тойлардың бірі. Бұған жас жеңгелер мен жастар қатынасады. Күйеуден алынатын «қол ұстаттар», «шаш сипатар», «қыз құшақтар», «арқа жатар», «көрпе қимылдатар» тағы сол сияқты кәделер осы жолы беріледі. Екі жастың бірін-бір көріп, тілдесуі де осы тойда болады. Екеуі де бірін-бірі ұнатып, қалыңдық жігітке қыз белгісі орамалын және оның іні-қарындастарына да түрлі сыйлықтар береді.

Күйеу ұрын барғаннан кейін құдалық бұзылатын болса, ол қазақ заңында өте ауыр іс саналды. Оның арты үлкен дауға ұласып жатады. Күйеу себепсіз бас тартса, бұрынғы берілген мал қайтарылмайды және айып салынады. Батаны қыз жағы бұзатын болса қалың мал толық қайтарылады және айып төлейді.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

СІРКЕ СУЫНЫҢ ТҰРМЫСТАҒЫ КЕРЕМЕТІ

Сірке суы көп жағдайда қауіпті. Бірақ ебін тауып, дұрыс мақсатта қолданса, біраз нәрседе пайдасы бар. Салат, торт секілді түрлі тағамдарға қосуға болады. Дене күтіміне де пайдалансаңыз, әсерін бірден көресіз. Ал үй тұрмысында қандай пайдасы бар екен?

Тұрмыс техникасын қақтан тазалау

Ыдыс жуғыш не кір жуғыш машина қаққа толып қалса, алаңдамаңыз. Оны 1-2 стақан сірке суы тазалай алады. Бар жоғы машинаны бос күйінде іске қосыңыз да, 3-4 минуттан соң, 2 стақан сірке суын жуғыш ұнтақ салатын жерге құйып жіберіңіз. Бұл әдіспен тек қақты тазалап қана қоймай, 2 аптада бір рет тазалық үшін жасап тұруға болады.

Гүлдердің өмірін ұзарту үшін

Туған күніңізге сыйға тартқан гүл шоғының сізге ұзақ қызмет еткенін қаласаңыз, құмыраға 2 ас қасық сірке суы мен 3 ас қасық қантты жылы сумен араластырыңыз да, сол қоспаға гүлді ортасына дейін батырып қойыңыз.

Кеуіп кеткен дақтарды кетіру үшін. 1 ас қасық ыдыс жуатын сұйықтық пен 1 ас қасық сірке суын және 2 стақан жылы суды араластырыңыз. Қоспамен кеуіп кеткен дақтарды сүртіңіз.

Көлік терезесі қыстыгүні қатып қалмас үшін. Қыстыгүні көлік терезесінің қырауланып қатып қалуы заңды. Оны еріту үшін жылы суға 3-тің бірге қатынасындай етіп сірке суын қосып, терезені сүртіп шығыңыз.

Құбырға жиналған қоқыстарды жою үшін. Ас содасы, сірке суы мен жылы судың қоспасы құбырда тұрып қалған қоқыстарды да жоя алады. Ол үшін суағарға жарты стақан ас содасын сеуіп, үстіне бір стақан сірке суын құйыңыз және сондай көлемде ыстық су құйып жіберіңіз. 20 минуттан соң, ағып тұрған таза сумен шайып жіберіңіз.

Көгерген түстарды кетіру үшін. Таза сірке суы үйдің қабырғасындағы көгерген тұстарды кетіре алады. Ол үшін көгерген жерді сірке суымен дымқылдаңыз. Сәлден соң, қатты матамен ысқылап сүртіңіз. Бұл әдіс көгергенді кетіріп, ендігіде қабырғаның көгермеуіне септігін тигізеді.

Микробтарға қарсы экологиялық құрал. Ас үйдегі микробтарды кетіруге бір де бір қатынаста мөлшерленген сірке суы мен жылы суды қауқары жетеді. Осы қоспамен асүй жабдықтарын аптасына 1-2 рет сүртіп тұрсаңыз, балаларды да, өзіңізді де микробтардан қорғайсыз. Бұл қоспамен қысқатолқынды пешті, турайтын тақтайшаларды тазалауға болады.

Бақты арамшөптерден тазарту. 25 пайыздық сірке суы бақ ішіндегі арамшөптерді тазалай алады. Ол үшін сол арамшөптердің үстіне сірке суын тамызып шығыңыз. Жақсы нәтиже көрсетпейінше, бұл әдісті қайталай беріңіз.

Аквариумды шөгіндіден қорғайды. Сірке суы мен су аквариумды әкті және тұзды түзілімдерден, шөгінділерден тазартады. Ол үшін аквариумды әр тазалаған сайын қабырғаларын осы қоспамен сүртіп отырған абзал. Бұл әдіспен электр шайнектері мен кофеқайнатқышты, пешті тазалап тұруға болады.

Жағымсыз иістерді жою үшін. Тоңазытқыш не қысқатолқынды пештің ішіндегі жағымсыз иісті осы сірке суы мен қарапайым судың қоспасы тез кетіреді. Оған қоса үйдегі жануарлардың иістерін де жояды. Ол үшін едендi және үй жануары отырған (жүрген) жерлерді сірке суы қосылған сумен сүртіп шығыңыз.

Тағы да. Шүберекті сірке суына батырып алып, былғары сөмке, күрте не аяқ киімді сүртсеңіз, жаңадан сатып алғандай көрінеді.

Кір жуғыш машинасына кір киімді салмас бұрын 10 минут сірке суы қосылған салқын суға салып қойсаңыз, киім өңін жоғалтпайды. Әрі жарты стақан сірке суы киімдегі электрлік қасиетін жояды.

Мысық сірке суын ұнатпайды. Егер ол үй ішінде басқа жерге отырып кете берсе, сол тұсты сірке суымен сүртсеңіз, мысығыңыз ол жерге енді бармайды.

Кей үй ханымдары жануарларын жылтырап тұруы үшін және паразиттерді қуу үшін үстіне сірке суын шашып қояды.

Материалдар Massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 496
Индекс 15534